The article defines the concept of «legal profession». The relevance of this topic is due to the fact that the history of the institution of the legal profession in Kazakhstan is not sufficiently studied by domestic scholars and legal scholars. The article presents the historical trends in the development of the legal profession in Kazakhstan, traces the path to the formation and development of legal representation from the beginning of the existence of the Kazakh Khanate to the adoption of the new law of the Republic of Kazakhstan in 2018. The author proposes his own periodization of the formation and development of the institution of Kazakhstan's legal profession.

**Keywords:** representation, legal profession, lawyer, advocacy, stages of the establishment of legal profession.

В соответствии с Конституцией, основным законом, имеющим высшую юридическую силу на всей территории страны, Республика Казахстан признается демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы. Также, Конституция

гарантирует каждому гражданину право на судебную защиту своих прав, свобод и законных интересов, право на получение квалифицированной юридической помощи, в том числе бесплатно [1].

Главнейшей из функций адвокатуры с момента ее возникновения была и является правозащитная функция, заключающаяся в

деятельности адвокатов по оказанию квалифицированной юридической помощи и правовой защиты для всех граждан, вне зависимости от их социального, экономического или иного положения в обществе. Состояние адвокатуры и уровень ее развития является одним из ключевых показателей демократического государства и защищенности прав граждан.

Прежде чем рассматривать адвоката как одного из основных гарантов оказания квалифицированной юридической помощи, необходимо иметь представление о таких понятиях, как «представительство», «адвокатура», в чем заключается сходство и различие между ними, какую историю они имеют, каковы этапы становления и развития указанных институтов.

В отечественной литературе нет существенного различия между представительством и адвокатурой. Это объясняется тем, что адвокат в соответствии с Гражданским процессуальным кодексом является одним из основных субъектов, имеющих право представлять интересы граждан в суде и защищать их охраняемые законом права.

Развитие культуры, разнообразие жизненных отношений приводит к усложнению и обновлению существующих юридических норм. Их осознание и применение в повседневной жизни становится затруднительным для общества. Не обладая специальными знаниями и навыками, граждане уже не в состоянии самостоятельно вести свои дела в суде, что обуславливает необходимость прибегнуть к помощи лица, который хорошо знаком с нормами права и может оказать нуждающемуся необходимую юридическую поддержку или правозаступничество. Такие люди и признаются адвокатами.

Адвокатура – добровольное объединение лиц, профессионально занимающихся адвокатской деятельностью [2, с. 15].

В действительности, под словом "адвокатура" понимают профессию адвокатов, а именно деятельность по защите интересов других лиц в суде. Под адвокатурой также принято понимать сословие адвокатов, иными словами - класс лиц, посвятивших себя данной профессии. Третье определение данного термина в узком научном смысле – правозаступничество, а именно профессиональная деятельность по ведению

чужих дел в суде и представление их интересов.

Адвокатура имеет многовековую историю. Существование данного института с античных времен – доказательство развития социального общества, где законы имеют высшую роль и значимость.

Слово «адвокат» (лат. «advocare, advocatus» - «призывать», «призванный») возникло в Древнем Риме. Для установления справедливости и защиты своих интересов призывались близкие люди (родственники, друзья). С появлением легисакционного судебного процесса (legis ast-sones - законные действия) заступничество переросло в патронат, появились патриции – праведы, имеющие право, в том числе, защищать интересы своих клиентов [3, с. 35].

Изучив историю государства и права, можно проследить, что уже в древних веках у народов, населявших территорию Казахстана, существовала судебная система. Многие ученые отмечают, что первой исторической формой охраны прав человека явилась самозащита. Человек самостоятельно решал когда и как было нарушено его право, сам определял виновного, лично представлял свои интересы в суде [4, с. 8]. К сожалению, достоверных источников, подтверждающих данный факт в те времена, не имеется, остается лишь предполагать, что такое явление имело место быть.

До наших дней, благодаря записям Г. Спасского и А. Левшина, дошла часть Кодекса Жеті Жаргы («Семь установлений»), разработанного биями при правлении Тауке хана в XVII веке. Анализ исследователями кодифицированного акта обычного права позволил определить, что в казахском обществе в XV-XVIII веках инициатором возбуждения дела по факту преступления выступал потерпевший. В деле, помимо истца и ответчика, участвовали свидетели (представители истца и ответчика) и присягатели. Здесь мы видим доказательство того, что уже во времена существования Казахского ханства имелось судебное представительство [5, с. 116].

В 1731 году Казахстан вошел в состав Российской империи, что означало влияние российского законодательства на казахстанское.

До реформы судебной системы институт защиты не имел какой-либо организованной группы с определенными целями, задачами

интересами, а сами представители не имели профессионального образования. В роли адвокатов выступали частные лица – стряпчие или ходатаи. Поскольку их функции не были закреплены на законодательном уровне, требования, в частности, наличие специального образования, не предъявлялись. В их обязанности входила только подача документов. Даже создание в 1832 году института присяжных стряпчих не гарантировало представления и защиту интересов социальных слоев населения России.

Появление начальной адвокатуры как профессиональной деятельности свершилось благодаря судебным уставам 1864 года: Устав об учреждении судебных установлений, Устав уголовного судопроизводства, Устав гражданского судопроизводства, Устав о наказаниях, налагаемых мировыми судьями. 20 ноября 1864 года Указом Правительствующего сената утвержден Устав судебных установлений, где адвокатура приобрела статус нового юридического учреждения России.

Судебные установления привели к тому, что адвокат стал правозаступником, оратором и поверенным одновременно. В современном понимании это является довольно-таки противоречивым. На сегодняшний день такая проблема является актуальной для отечественного законодательства, хотя в европейской системе представительство и правозаступничество с самого начала своего появления были самостоятельными институтами.

Адвокаты делились на две категории: присяжных поверенных – корпорацию, приносящих профессиональную адвокатскую присягу, и частных поверенных, занимающихся индивидуальной адвокатской практикой.

Контрреформы 1874 года ослабили адвокатуру. Данный институт стали именовать «сословием», что означало объединение юристов, выполняющих определенную общественную функцию. Права и обязанности членов сословия не регламентировались законодательством, хотя и отражались в уставах.

Институт защиты в казахском обществе продолжал следовать историческим традициям. Процесс введения института присяжных поверенных и иных законов Российской империи проходил медленно в

связи с тем, что при проведении реформ 1867-1868 гг. были сохранены и частично адаптированы к колонизации суды биев. При решении спорных вопросов бии продолжали руководствоваться нормами обычного права. Однако, проводимые российские реформы положили основу адвокатской деятельности и приобретали юридическую силу и постепенно внедрялись в казахское общество.

В судебном устройстве Казахстана в конце XIX в. Произошли изменения в связи с утвержденными Положениями об управлении Туркестанским и Степными краями 1886 и 1991 гг. Судебная реформа 1898 года затрагивала правовые основы и регулирование деятельности адвокатуры. Благодаря указанным Положениям были созданы колониальные суды, которые ограничивали действие судов биев. Судебная власть Российской империи распространялась на всю территорию Казахстана, привлекая к судопроизводству участие присяжных поверенных. Казахское обычное право постепенно теряло свое значение.

Адвокатура в виде института присяжных и поверенных просуществовала без значительных изменений до конца существования буржуазной России (октябрь 1917 года).

Утверждение новой российской политической системы повлекло за собой значительные изменения. Деятельность адвокатов по реформе 1864 года была отменена первыми декретами Советской власти по причине ее противоречия новому государственному строю. Адвокатура постепенно начала выполнять вспомогательную функцию. Подходы к организации данного института в части защиты и участия защитника в суде менялись. Законодательство постепенно утверждало коллективную форму деятельности адвокатов, которая отвечала целям и требованиям тоталитарного режима государства.

Однако, между адвокатурой дореволюционного и советского периода было много общего: форма организации, отношение государства к данному институту.

Многолетние поиски по организации защиты и представительства продолжили развитие адвокатуры. Накапливались теоретические труды и практический опыт, разрабатывалась и укреплялась нормативно-правовая база, появлялись новые формы адвокатской деятельности.

В процессе становления адвокатуры Казахстан столкнулся с рядом проблем. Во-



первых, нехватка подготовленных и квалифицированных кадров. Во-вторых, негативное отношение судебных работников, работников юстиции и правоохранительных органов к адвокатам, считая, что советский суд не может ошибаться и самостоятельно может разобраться в любом спорном деле. Наконец, считалось, что данный институт достался от царской России и отжил свое.

«Декларация прав трудящихся КАССР», принятая на Первом учредительном съезде Советов Киргизской (Казахской) АССР в октябре 1920 года, обязала органы юстиции оказывать бесплатную юридическую помощь населению в форме консультаций и судебной защиты на местах. К такой деятельности съезд предложил привлекать работников профессиональных и общественных организаций. Были открыты специальные юридические курсы для подготовки работников юстиции.

Уже в 1936 году коллегии адвокатов пополнялись. В том же году состоялся первый казахстанский съезд работников коллегий, где определились дальнейшие задачи адвокатуры по улучшению оказания юридической помощи гражданам.

В годы Великой Отечественной войны юридическая помощь, в основном, оказывалась военнослужащим, членам их семей, инвалидам войны. В послевоенный период организационные формы работы адвокатуры в нашей стране оставались без изменений. Институт защиты требовал усовершенствования. Верховным Советом союзной республики было утверждено Положение об адвокатуре, которое дало толчок каждой союзной республике для принятия аналогичного документа. В Казахстане такое положение было утверждено в 1960 году Верховным Советом Казахской ССР.

30 ноября 1979 года в СССР принят Закон об адвокатуре. Нормативный правовой акт регулировал вопросы организации и деятельности адвокатуры на общесоюзном уровне. На основании закона в каждой республике было разработано «Положение об адвокатуре». В Казахстане данное Положение утверждено в ноябре 1980 года. Принятие этих актов было обусловлено необходимостью обеспечения единообразного регулирования деятельности адвокатуры и одновременным повышением роли коллегий адвокатов, предоставлением адвокатам большей самостоятельности в ряде вопросов. В то же время широко возросла зависимость адвокатуры со стороны

государства. Так, коллегии адвокатов могли быть образованы только с согласия и одобрения местных государственных органов и Министерства юстиции. Большинство статей Положения в дальнейшем легли в основу Закона Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности» от 5 декабря 1997 года.

Создание советского судопроизводства привело к значительным изменениям в деятельности адвокатов. Наблюдается разделение функций обвинения и защиты, начинается процесс по урегулированию вопроса о заработной плате членов коллегии правозаступников, сужается круг лиц, имеющих право защищать интересы граждан в суде на законодательном уровне.

Распад СССР и создание независимых государств сохранил за собой опыт, накопленный в советский период и заложивший основу национальных адвокатур [6, с. 35-54].

С момента приобретения Казахстаном независимости произошли изменения во всех сферах государства, включая и законодательство. Конечно, первое время «отголоски прошлого» находили отражение в законах нашей страны. Но время не стоит на месте, возникают и развиваются новые правоотношения, требующие преобразования законодательства, в том числе и законодательства об адвокатуре.

Исходя из вышеизложенного, можно сделать вывод о том, что адвокат – древнейшая профессия мира. Появление представительства и адвокатуры обусловлено различными социальными, культурными, экономическими и иными факторами.

Адвокат - не просто профессионал с высшим юридическим образованием, а специалист, имеющий подтверждающую лицензию на право занятия адвокатской деятельностью.

Адвокатура представляет собой профессиональную организацию, ценность которой заключается в полной независимости от всех ветвей власти для гарантирования гражданину высокой, соответствующей защите его прав и свобод от любых нарушений как со стороны других лиц, так и со стороны государства, а также оказания квалифицированной юридической помощи в полном объеме [7].

Как в других странах, так и в Казахстане «правозаступничество» прошло длительный и непростой путь. Так, можно выделить следующие этапы становления и развития институтов представительства и адвокатуры в нашей стране:

**I этап (XV – конец XIX вв.)** – с момента возникновения Казахского ханства, принятия подданства Российской империи до конца существования буржуазной России.

**II этап (1917 – 1991 гг.)** – с момента октябрьской революции до провозглашения независимости. Здесь прослеживается значительное влияние российского законодательства на становление отечественной адвокатуры.

**III этап (1991 – 1997 гг.)** – с момента приобретения независимости до принятия закона об адвокатуре. Данный этап характеризуется принятием Конституций 1993 года и 1995 года, а также действием Положения «Об адвокатуре Казахской ССР», которое просуществовало до 1997 года с изменениями и дополнениями, внесенными Указами Президента от 28 июня 1991 года и от 5 октября 1995 года [8].

**IV этап (1997 – 2018 гг.)** – период действия Закона «Об адвокатской деятельности от 5 декабря 1997 года. Принятие закона показало значимость адвокатуры в реализации закрепленного и гарантированного Конституцией права гражданина на защиту прав, свобод и законных интересов, получении квалифицированной юридической помощи, разрешении спора мирным путем.

Стоит отметить, что Казахстан – первое государство на постсоветском пространстве, принявшее важный, эффективный,

соответствующий новым условиям закон. Законодательное закрепление адвокатуры, отведение особого места и роли в системе правозащитных институтов, определение конституционной значимости явилось решающим шагом по становлению и развитию казахстанской адвокатуры [9].

**V этап (2018 г. – настоящее время)** – с момента принятия Закона Республики Казахстан «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» от 5 июля 2018 года и по сегодняшний день.

Анализ законодательства выявил ряд негативных проблем: некачественное оказание юридической помощи, недобросовестность адвокатов, острый вопрос в отношении частнопрактикующих юристов, устаревшие знания, нехватка квалифицированных кадров и др. Все это ведет к нарушению конституционного принципа защиты прав и свобод граждан [10].

Принятие нового закона, охватывающего сферу адвокатской деятельности, явилось инструментом по урегулированию значительных вопросов общества. Однако, на сегодняшний день имеется много противоречивых моментов и спорных вопросов: в действительности ли действующий Закон обеспечивает полную защиту не только гражданам, но и самим представителям института правозащитничества – адвокатам.

*Список использованных источников:*

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 23.03.2019 г.).
2. Борисов А.Б. Большой Юридический Словарь. – М.: Книжный мир, 2010. – 848 с.
3. Адвокатская практика: Учебник / Отв. ред. А.А. Клишин, А.А. Шу гаев; МГИМО (У) МИД России. — М.: Статут, 2016. — 506 с.
4. Кучерена А.Г. Адвокатура России: Учебник / А.Г. Кучерена. - 3-е изд., перераб. - М.: Норма: НИЦ Инфра-М, 2012. - 784 с.
5. Абиль Е.А. История государства и права Казахстана: Курс лекций. /3-е изд. перераб. и доп. Караганда: ТОО «Учебная книга», 2005.- 256 с.
6. Тыныбеков С. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан: учебник / С. Тыныбеков. - Изд. 2-е, перераб. и доп. - Алматы: Данекер, 2004. - 343 с.
7. Витковская С.В. Перспективы развития гарантированной государством юридической помощи на базе адвокатуры в Казахстане [Электронный ресурс]. – 2018. – URL: <https://www.zakon.kz/4924714-perspektivy-razvitiya-garantirovanno.html> (дата обращения: 22.06.2018).
8. Справка по результатам мониторинга Закона Республики Казахстан от 5 декабря 1997 года № 195 «Об адвокатской деятельности» [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <http://www.adilet.gov.kz/ru/articles/spravka-po-rezultatam-monitoringa-zakona-respubliki-kazahstan-ot-5-dekabrya-1997-goda-po> (дата обращения: 17.08.2017).
9. 20 лет закону об адвокатской деятельности [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <http://advokatura.kz/20-let-zakonu-ob-advokatskoj-deyatelnosti/> (дата обращения: 05.12.2017).
10. Ковалева Т. Минюст против адвокатов: на повестке - проект закона «Об адвокатской деятельности» [Электронный ресурс]. – 2017. - URL: <https://www.zakon.kz/4881971-minyust-protiv-advokatov-na-povestke.html> (дата обращения: 06.10.2017).

**КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО**  
**КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО**  
**CONSTITUTIONAL LAW**

УДК: 342.8; 342.84; 324  
МРНТИ: 10.15.37

А.Ж. Жарболова<sup>1</sup>, Н.К. Мынбатырова<sup>1</sup>, Г.Б. Меирбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан, Алматы)

<sup>2</sup> Абай атындағы ҚазҰПУ (Қазақстан, Алматы)

**ҚАЗАҚСТАНДА ЗАҢ ШЫҒАРУ НЫСАНДАРЫНЫҢ БЕКІТІЛУІ ЖӘНЕ  
ОЛАРДЫҢ ӨЗГЕШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақала заң шығару нысандарын, олардың өзгешеліктерін зерттеуге арналған. Атап айтқанда, мақалада Парламенттің, республикалық референдум арқылы халықтың және өкілеттік беру жағдайында өкілеттік алған тиісті субъектінің заң шығармашылығы қарастырылып, зерттелген.

Парламенттің заңдар шығаруы ең кең тараған нысаны болып табылады. Республикалық референдум арқылы заң шығару әлем мемлекеттерінде сирек кездесетініне қарамастан, ол кез-келген мемлекеттің демократиялық сипатының көрінісі. Заң шығармашылығының өзгеше бір нысаны – бұл өкілеттік беру жағдайында заңдарды заң шығарушы емес өзге субъектінің шығаруы. Заң шығармашылығының бұл нысанының ерекшелігі: тиісті шығармашылық қызметті арнайы заң шығару өкілеттігін иеленбейтін субъектілердің жүзеге асыруында, яғни өкілеттік беру негізінде заң шығару қызметі тиісті субъектіге оның тікелей міндетіне орай тиесілі болмайды. Ғылыми зерттеудің мақсаты болып заң шығарудың негізгі нысандарын анықтап, оларды өзара салыстыра отырып олардың маңызын, өзгешеліктері мен реттелу жағдайын талдау табылады. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы мақалада заң шығармашылығының әдеттегі нысаны – Парламенттің заң шығармашылығымен қоса, өкілеттік беру жағдайында заң шығарудың ерекшелігі, оның пайда болуының жағдайлары мен жүзеге асу практикасы, халықтық заң шығармашылықтың мәні мен маңызы, оның сирек қолданылу себептері қарастырылған. Практикалық маңыздылығы: мақала мазмұнында баяндалған деректерді, қорытындыларды заң шығару практикасында, заң шығармашылығы нысандарын зерттеуде пайдалануға болады.

Зерттеу әдістері: философиялық, талдау, салыстыру, статистикалық, дедукция, индукция.

Зерттеу құндылығы: мақалада өкілеттік беру негізінде заң шығару институтының өзгешелігі, референдумда қабылданған заңның құқықшығармашылығы жүйесіндегі орны анықталды.

Жұмыстың қорытындыларының практикалық маңыздылығы: зерттеу тұжырымдарын құқық шығармашылығы практикасында қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** заң шығармашылығы, заң шығару өкілеттігін беру, құқықтық реттеу, халық өкілдігі, референдум, демократия.

А.Ж.Жарболова<sup>1</sup>, Н.К. Мынбатырова<sup>1</sup>, Г.Б. Меирбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> КазНУ им.әль-Фараби (Алматы, Қазақстан)

<sup>2</sup> КазНПУ им.Абая (Алматы, Қазақстан)

**ЗАКРЕПЛЕНИЕ ФОРМ ЗАКОНОТВОРЧЕСТВА В КАЗАХСТАНЕ И ИХ ОСОБЕННОСТИ**

*Аннотация*

Статья посвящена изучению форм законотворчества, их особенностей. В частности, в статье рассматривается законотворчество парламента, народа через республиканский референдум и соответствующего субъекта, уполномоченного в условиях делегирования полномочий. Законотворчество парламента является самой распространенной формой законотворчества. Несмотря на то, что в мировой практике принятие законов на республиканском референдуме встречается очень

редко, это проявление демократического характера любого государства. Другая - необычная форма законотворчества – принятие законов не законодателем, а иным субъектом, наделенным законодательным полномочием. Особенностью данной формы законотворчества является осуществление законодательной деятельности субъектами, не обладающими специальными законодательскими полномочиями, то есть на основе наделения полномочиями законодательская деятельность не может принадлежать соответствующему субъекту в силу его непосредственной обязанности. Целью научного исследования является определение основных форм законотворчества, анализ их значения, особенностей и состояния регулирования. Научная значимость работы: в статье рассматривается наряду с обычной формой законотворчества – Парламента, особенности законотворчества при делегировании законодательных полномочий, условия его возникновения и практика реализации, сущность и значение народного законотворчества, причины его редкого применения. Практическая значимость: данные, выводы, изложенные в содержании статьи, могут быть использованы в законодательской практике, в исследовании форм законотворчества.

Методы исследования: анализ, сравнение, статистическая, философская, дедукция, индукция.

Ценность исследования: в статье определены особенности законотворчества на основе делегирования законодательных полномочий, место закона, принятого на референдуме, в системе правотворчества.

Практическая значимость результатов работы: выводы исследования можно использовать в правотворческой практике.

**Ключевые слова:** законотворчество, делегирования законодательных полномочий, правовое регулирование, народное представительство, референдум, демократия.

*A.Zh.Zharbolova<sup>1</sup>, N.K. Mynbatyrova<sup>1</sup>, G.B. Meirbekova<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh national University (Almaty, Kazakhstan)*

*<sup>2</sup>Abai Kazakh national Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)*

## **THE CONSOLIDATION OF THE FORMS OF LAW-MAKING IN KAZAKHSTAN AND THEIR FEATURES**

### *Abstract*

The article is devoted to the study of forms of lawmaking, their features. In particular, the article deals with the law-making of the Parliament, the people through the Republican referendum and the relevant subject authorized in terms of delegation of authority.

Lawmaking in Parliament is the most common form of lawmaking. The second form of lawmaking is popular lawmaking. Despite the fact that in world practice, passing laws in a republican referendum is very rare, this is a manifestation of the democratic nature of any state. Another - an unusual form of lawmaking - the adoption of laws not by the legislator, but by another subject endowed with legislative authority. A feature of this form of lawmaking is the implementation of legislative activity by entities that do not have special legislative powers, that is, on the basis of the empowerment, legislative activity cannot belong to the relevant subject due to his direct responsibility. The purpose of scientific research is to determine the main forms of lawmaking, the analysis of their values, features and state of regulation. The scientific significance of the work: the article examines, along with the usual form of lawmaking, the Parliament, the specifics of lawmaking when delegating legislative powers, the conditions for its emergence and the practice of implementation, the essence and significance of popular lawmaking, the reasons for its rare use. Practical significance: the data, the conclusions set forth in the content of the article can be used in lawmaking practice, in the study of forms of lawmaking.

Research methods: analysis, comparison, statistical, philosophical, deduction, induction.

The value of the research: the article identifies the features of lawmaking based on the delegation of legislative powers, the place of law adopted by referendum in the system of law-making.

The practical significance of the work: the findings of the study can be used in law-making practice

**Keywords:** lawmaking, delegation of legislative authority, legal regulation, popular representation, referendum, democracy.

Қазақстан құқықшығармашылығы тарихын зерттеу өзінің жүзеге асырылу нысаны бойынша заң шығармашылығы бірыңғай еместігін көрсетеді. Қай мемлекетте болмасын заң шығармашылығы заң шығару билігінің еншісіне жатқызылғанымен, Парламент заң шығармашылығының бірден-бір нысаны емес. Заң шығармашылығының әлемдік тәжірибесінен мұндай қызметті жүзеге асырудың бірнеше нысандарының бар екенін көреміз. Ол нысандар бір-бірінен субъектілік құрамы (тікелей қатысушылары) бойынша, құқықтық ережелерді құру процесі бойынша, оларды бірыңғай нормативтік-құқықтық актіде жинақтау амалы мен әдістері бойынша, сондай-ақ оларды қабылдау кезінде қолданылатын негізгі процедуралар бойынша ерекшеленеді. Заң шығармашылығы нысандарының ерекшеліктерін оған қатысушылардың әрекеттерінен, олардың өз функцияларын орындау амалдарынан байқауға болады. Құқықтық актілерге заңи күш беру жөніндегі процедуралар ол ерекшеліктерді байқатады және оларды танып, талдау жасау үшін мүмкіндік береді.

Қазақстандық және шетелдік тәжірибелермен танысу заң шығармашылығының негізінен үш нысаны қолданылатынын көрсетеді: Біріншісі - мемлекеттік билік органының заң шығарушылық қызметі. Мемлекеттік билік органының заң шығаруы заң шығармашылығының күнделікті қолданылатын негізгі нысаны болып табылады. Мұнда мәселе арнайы уәкілеттілік берілген мемлекеттік органның өзінің функционалдық міндеттерін орындау шегінде заң актілерін шығару жөніндегі қызметі туралы болып отыр.

Заң шығармашылығының бұл нысанында заң актілерін шығаруды арнайы уәкілдендірілген орган - мемлекеттік биліктің заң шығарушы органы (Қазақстан Республикасында Парламент) жүзеге асырады. Сонымен қоса, заң шығармашылығының бұл нысанында заңнама жүйесін қалыптастыруға өзге субъектілер де (Президент, Үкімет) қатысады. Заң шығарудың тиісті нысаны арнайы уәкілдендірілген орган қызметкерлерінің заң актілерінің тиімді кешенін жасау үшін қажетті барлық әрекеттерді орындайтынын білдіреді. Олар заңи бекіту және көрініс беру үшін құқық нормаларын анықтайды, құрады және олардың мәтіндік мазмұнын қалыптастырады және

біртұтас кешенге біріктіреді, сондай-ақ құқықтық актіні ресми қабылдау бойынша формалдық процедураларды орындайды және оған заңи күш береді. Уәкілдендірілген мемлекеттік органның заң шығаруы (парламент) заң шығармашылығының ең кең тараған, ең маңызды және оған қатысушылар үшін жауаптылықтың неғұрлым жоғары дәрежесін тудыратын нысаны болып табылады. Парламенттің республика заңнамасын қалыптастыруының реттеушілік мүмкіндіктері негізінен заң шығарушылардың және заң шығару процесіне қатысатын өзге де тұлғалардың кәсіптілігі мен жеке қасиеттеріне байланысты. Қазіргі заманда заң шығарушылардың жеке қасиеттерінің ішінде олардың құқықтық мәдениеті мен кәсіби санасы маңызды рөл атқарады деп айтуға болады. Себебі, заң шығарушының қабылдайтын актілерінің сапасы мен тиімділігі ең бастысы, құқықтық мәдениеттің және заң шығарушының кәсіби санасының деңгейімен анықталады (Ибраева, 2017:78).

Заң шығармашылығы процесіне қатысатын субъектілердің даярлығының жоғары деңгейі жағдайында Парламенттің заң шығару қызметі заң шығармашылығының ең бір тиімді нысаны болып табылады. Тиісінше, заң шығару техникасының ережелерін жақсы меңгерген мамандардың мақсатқа бағытталған және дұрыс ұйымдастырылған қызметі заң шығармашылығының мақсаттарына сәтті қол жеткізуге, қабылданып жатқан нормативтік актілердің ережелерінде заңи нормалардың элементтерін толық, нақты және жүйелі байқатуға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, тиісті актілердің реттеушілік әрекеттілігін қамтамасыз етеді. Осындай нысанда жүзеге асырылатын заң шығармашылығы барысында ғана заң шығарушылар өзінің кәсіби және шығармашылық потенциалын жүзеге асырудың тиімді мүмкіндігін иеленеді.

Атап кеткеніміздей, Қазақстанда заң шығармашылығын жүзеге асыруға арнайы уәкілеттілік берілген мемлекеттік орган болып ҚР Парламенті табылады. Қазақстанның қолданылудағы Ата заңының 49 бабында бекітілгендей ҚР Парламенті заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылады. Байқап отырғанымыздай, Республика Конституциясымен Парламентке заң шығару билігі еншіленген. ҚР Парламентінің заң шығару билігі оның заңдарды қабылдау жөніндегі өкілеттіктерінің жиынтығын

білдіреді. 1995 жылы қабылданған Конституцияға сәйкес Республика Парламенті кенес заманындағыдай мемлекеттік биліктің жоғарғы органы емес, сондай-ақ 1993 жылғы Конституцияда бекітілгендей заң шығару қызметін жүзеге асыратын бірден-бір заң шығару органы емес, ол жай ғана «заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган». Парламенттің 1995 жылғы Конституцияда мемлекеттік биліктің жоғарғы органы ретінде танылмағаны былай тұрсын, оның бірден-бір заң шығару органы ретінде белгіленбеуі кездейсоқ емес. Парламенттің заң шығару қызметімен айналысатын бірден-бір орган болу қабілеттігінен айырылу себебі 1995 жылғы Конституцияда заң шығармашылығының Қазақстан үшін жаңа нысаны бекітілген болатын, яғни өкілеттік беру негізінде ҚР Президентінің заң шығармашылығы.

Парламенттің заңдар шығаруы заң шығармашылығының күнделікті қолданылатын нысаны. Халықпен тікелей және жанама құрылатын бұл мемлекеттік орган Республика халқының атынан өкілдік етеді, барлық халықтың біртұтастығын білдіреді, мемлекеттің демократиялығының негізгі бір көрінісі болып табылады, яғни азаматтардың билікті жүзеге асыруының негізгі нысаны ретінде танылады. Олай болса, Парламент халықтың, яғни мемлекеттегі барлық азаматтардың мүдделері мен еркін білдіруші ретінде қарастырылады. Сондықтан да ҚР Парламентінің қызметінің негізгі бағыты: тұрғылықты халықтың еркін, мүдделерін тану, зерттеу және оларды заңдарда бейнелеу, өз депутаттары арқылы халықтың мемлекетпен тікелей, тұрақты байланысын қамтамасыз ету. Парламенттің мұндай табиғаты оның мүшелерінің – халық өкілдерінің қызметінің негізін анықтайды. Депутаттар үшін ең бастысы - бүкіл халықтың еркін білдіре отырып, азаматтардың мүдделерін қанағаттандыру туралы қамқорлық (Байгелді, 1996:2).

Заң шығармашылығын арнайы уәкілдендірілген мемлекеттік билік органының жүзеге асыруы заң шығармашылығының негіз қалаушы нысаны болып табылады, өзгелері қосалқы институт ретінде болады және практикада сирек кездеседі.

Екіншісі - заң шығару өкілеттігін беру негізінде заң шығару болып табылады. Заң шығармашылығының бұл нысаны құқықтық реттеудің өзгеше институты ретінде танылады.

Мұнда мәселе: заң шығармашылығын заңның немесе мемлекеттік биліктің уәкілетті органының тапсырмасының негізінде арнайы заң шығару өкілеттігін иеленбейтін субъектілердің жүзеге асыруында. Демек, өкілеттік беру негізінде заң шығармашылығының ерекшелігі заң шығару қызметінің тиісті органға оның тікелей міндетіне орай тиесілі болмайтындығында. Кенестік үлкен энциклопедияда заң шығару құқығын берушілік институты Парламенттің уәкілдігі бойынша Үкіметтің заң күші бар нормативтік актілерді шығаруы ретінде анықталған (Прохоров, 1972:56). Олай болса, заң шығармашылығының бұл нысанында заң қабылдау құқығы өзінің тиісті құзыретіне сәйкес заң шығару құқығына ие емес мемлекеттік органға немесе белгілі бір тұлғаға беріледі.

Рим құқығының ежелгі аксиомаларының бірі мемлекеттік органға халықпен сеніп тапсырылған билік өз кезегінде басқаға берілмеуі керектігін көрсетеді. Тиісінше, теоретикалық тұрғыда заң шығарушы орган өзінің қандай да бір өкілеттігін Президентке немесе мемлекеттік қызметкерлерге бере алмайды. Алайда, шетел мемлекеттерінің (мысалы, АҚШ) тарихының ежелгі кезеңі-ақ тиісті ереженің практикаға сай келмейтінін көрсетті. Мысалы, 1789 жылғы заң бойынша АҚШ Конгресі сот органдарына соттардың қызметтерінің нормаларын әзірлеу, жасау өкілеттіктерін бергені белгілі.

Заң шығару өкілеттігінің нақты кімге берілетініне келсек, заң шығару өкілеттігіне ие болатын негізгі субъект болып Үкімет табылады (Мысалы, Италияда, Испанияда, Францияда, т.б.). Қазақстан Республикасына қатысты айтсақ, конституциялық деңгейде өкілеттік беру негізінде заң шығару институты алғаш рет 1995 жылғы Конституциямен енгізілген еді. 10 наурыз 2017 жылғы конституциялық реформаға дейінгі Конституцияның нұсқасына сәйкес Республика Парламенті палаталардың бірлескен отырысында Президентке оның бастамасы бойынша әр палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің даусымен 1 жылдан аспайтын мерзімге заң шығару өкілеттігін беруге хақылы болды (ҚР Конституциясы, 1995, 53 бап 3) тармақ). Демек, 1995 жылғы Конституция Қазақстанда заң шығару өкілеттігі Үкіметке емес, Республика Президентіне берілуі мүмкіндігін бекіткен болатын.

Әдетте, өкілеттік беру негізінде заң шығару реттелген шетел мемлекеттерінде өкілеттігін беру туралы актіде Үкіметтің берілген өкілеттікті (яғни заңдар шығару өкілеттігін) пайдалануының нақты мерзімі, өкілеттік берілген тұлғаның (Үкіметтің) заң шығармашылығының пәні болатын мәселелердің шеңбері, Үкіметтің тиісті институттың негізінде шығаратын заң актісінің нысаны, өкілеттікті жүзеге асыру кезінде басшылыққа алуы қажетті қағидалар көрсетіледі. 1995 жылғы ҚР Конституциясының 10.03.2017 ж. дейін әрекет еткен жоғарыда аталған нормасын саралау, Президенттің және Парламенттің мәртебесін реттеген сол тұстағы заңнаманы талдау бұл актілерде Республика Парламентінің Президентке заң шығару өкілеттігін беру тәртібі мен мерзімінің ғана реттелгенін көрсетеді, тиісінше Президенттің заң шығармашылығының пәні болып табылатын мәселелердің шегі республика заңнамасында анықталмаған еді. Конституциялық заңнамада Президенттің заң шығаруына берілетін қатынастар шегінің анықталмауы оның Конституцияның 61 бабының 3 тармағында қарастырылған қоғамдық қатынастардың кез-келгені бойынша, оған қоса конституциялық заңмен реттелетін қатынастардың шегі бойынша да заң шығару алуы мүмкіндігін көрсететін.

Өкілеттік беру тәртібімен ҚР Президенті екі рет заң шығару өкілеттігіне ие болды: 1993 жылдың желтоқсанында 12 шақырымдағы Жоғарғы Кеңес өзін-өзі таратқанынан кейін және 1995 жылы наурызда ҚР Конституциялық Сотының Жоғарғы Кеңес депутаттарының өкілеттіктерін конституциялық емес деп тану туралы шешімінің негізінде. Байқап отырғанымыздай, Парламенттің екі шақырымының өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы жағдайы Президентке заң шығару өкілеттігінің берілуін туындады және бұл екі жағдай да 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейін орын алды. Демек, өкілеттік беру негізінде заң шығару нысаны Қазақстанда конституциялық деңгейде алғаш рет 1995 жылғы Конституциямен реттелгенімен, ол тиісті Конституция қабылданғаннан бері практикада қолданылмады. Республика Конституциясына енгізілген 10 наурыз 2017 жылы өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес Президент заң шығармашылық қызметін жүзеге асырмайтын болды. Яғни, заң шығару өкілеттігін беру

институты 2017 жылдың 10 наурызында ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заңмен алынып тасталды

(<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000051>, 9 тармақ). Олай болса, бүгінде Қазақстан Республикасында заң шығармашылығының келесідей екі нысанда жүзеге асырылатынын көрсетуге болады:

1) Қазақстан Республикасы Парламентінің заң шығаруы;

2) Референдум арқылы Қазақстан халқының заң шығаруы.

Жалпы, өкілеттік беру негізінде заң шығару практикасын саралаудан келесі жағдайды көруге болады: заң шығармашылығының әдеттегі тетігі - заң шығарушы орган жұмыс істеп тұрған кезде өкілеттік беру негізінде заң шығару қосалқы көмекші рөл атқарады деп айтуға болады әрі ол заң шығарушы орган қоғамдық қатынастардың белгілі бір кешенін жеткілікті түрде тиімді және дер кезінде реттей алмаған жағдайда оның (заң шығару органының) заң шығару қызметін толықтыруға арналған.

Өкілеттік беру институты бүгінгі заманда біршама мемлекеттерде қажетті институт ретінде танылып, орын алғанымен, кейбір елдерде заң шығару өкілеттігін өзге тұлғаға беру қажеттілік ретінде анықталмайды. Мысалға Қытай мемлекетін алуға болады. Ол Қытайда құқықтық реттеудің өзгешелігімен себептеледі. Ашып айтқанда, бұл мемлекетте заңдарды шығару емес заңға тәуелді актілерді шығару кең дамыған, кең қолданылады. Осы себепті Қытайдың құқықтық жүйесінде заңдар саны тым аз. Оның бір себебі, заңдарды шығару процесінің өте күрделілігі болып табылады. Ғалым В.В.Севальнев 2014 жылғы мақаласында ««Сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға деген қоғамның аса қажеттігіне қарамастан бұл заңның жобасы ұзақ жылдар бойы түрлі комитеттер мен топтарда келісуде, тиісті құжатты қабылдау мәселесі әлі күнге дейін қаралу үстінде» - деп көрсеткен еді (Севальнев, 2014:91). Қытайда заң шығарудың тағы бір өзгешелігі: онда қандай да бір заңды қабылдаудан бас тарту туралы шешім шығарылуы мүмкіндігі. Ғалым Троцинский П.В. Қытайда Азаматтық кодекс пен Әкімшілік кодекстің жобаларының мамандармен бірнеше рет талқыланғанымен тиісті жобалардың оларды қабылдау процесіне

жетпегендігін көрсетеді (Трошинский, 2017:158-159).

Қытайда Парламентте заң қабылдау процедурасының өте ұзаққа созылатын күрделі процесс болып табылатындығы онда заңға тәуелді актілерді көптеп шығаруға негіз болса, бірқатар елдерде заң шығармашылығының ұзаққа созылуы заң шығару өкілеттігін беру институтының пайда болуына себеп болды. Парламентте заң шығарудың ұзақ мерзімде жүргізілетіндігі себепті қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерді байқау және оларға тез заңи әсер ету күрделі. Тарихи жағдайларға сүйеніп негіздейтін болсақ, қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңдерінде бірқатар мемлекеттің өмірінде жеке салада тоқыраушылық, тұрақсыздық орын алғаны белгілі, оған қоса, даму заңдылығына сәйкес қоғамдық өмір күрделеніп, оның даму үрдісі қарқынды өсіп, қоғамдық процесстердің жылдамдатылуына байланысты мемлекеттің рөлі күшейіп Парламенттің заң шығармашылығында жана проблемалар пайда болды. Нақты айтқанда, Парламент тарапынан өзгермелі жағдайларға жылдам көңіл бөлу қажет етілді. Алайда, Парламент сапалы заңдарды қабылдау үшін қажетті мүмкіндіктерді иеленгенімен пайда болған проблемаларға байланысты жедел түрде нақты, басымдығы жоғары заңдарды қабылдауға жарамады. Заң шығармашылығының келесі бір жолына – халықтық заң шығармашылығына келсек, референдум арқылы заң шығару өзінің табиғаты бойынша мәселелерді жылдам шешу үшін жарамсыз болып табылды. Мұндай жағдайда, өкілеттік беру негізінде заң шығару қоғам, мемлекет үшін қажетті заңды жылдам қабылдауды мүмкін ететін бірден-бір тетік болып табылады. Бұл аталғандарға қоса, заң шығармашылығының реттелген тәртібі де басымдығы жоғары заңды жылдам қабылдауға кедергі жасайды. Атап айтқанда, қалыптасқан заңдылыққа сәйкес әрекеттегі заңнаманың өзгертіліп, толықтырылуы өзге актімен емес тек заңмен ғана мүмкін. Әрекет етудегі заңды өзгерту қажет етілген жағдайда басқа бір заңды шығару қажет етіледі. Қандай да бір нақты заңдарға көптеген өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажеттігі Парламенттің жұмысының шамадан тыс көбейіп кетуіне алып келеді. Өз кезегінде ол жеке, кейде формальдық мәселелерді шешуге байланысты Парламенттің бірталай уақытын алады. Осыған байланысты Парламенттің жұмысының көбейіп кетуіне орай

маңыздылығы жоғары заң жобаларын терең талқылау, талдау үшін Парламентте жеткілікті уақыт қалмайды-да. Дәл осы жағдай біраз шетел мемлекеттерінде заң шығару өкілеттігін беру институтының пайда болуына себеп болды деп айтуға болады. Сонымен, шет елдерде заң шығару өкілеттігін беру институтын туындаған жағдайлардың негізгілерін көрсетер болсақ, *біріншіден*, атап кеткеніміздей, заң шығарушы органның жұмысының шамадан тыс көбейіп кетуі. Әдетте, мұндай жағдайда Парламент күн тәртібіндегі кейбір мәселелерді шешуді, яғни заңи реттеуді Үкіметке (кейбір елдерде Президентке) тапсыруы мүмкін. *Екіншіден*, кейбір қоғамдық қатынастардың заңи реттелуін Парламенттің жеке мәселелер ретінде есептеуі. Мұндай қатынастардың реттелуі үшін заң қажет болғанымен ол мәселелер атқару билігімен шешілуі мүмкін. *Үшіншіден*, қандай да бір қоғамдық қатынастарды жедел реттеу қажеттігі. Ол Парламентте заң жобасын талқылап, қабылдау процедурасының ұзақ уақытқа созылуымен себептеледі. *Төртіншіден*,

қоғамдық қатынастарды өз уақытында реттеу қажеттігі. Заңдардың ерте немесе кеш емес, өз уақытында қабылдануы, ең бастысы, мемлекеттің заңдылық базасының қоғам дамуына ілесіп отыруына мүмкіндік береді, әрі заңдардың сапасын анықтайды деп айтуға болады. Күні кешегі және бүгінгі қоғамдық даму практикасы көрсетіп отырғандай заңдардың сапасы тек олардың заңи қасиеттерімен ғана анықталып қоймай, сондай-ақ олардың қаншалықты өз уақытында қабылданатындығымен де анықталады. *Бесіншіден*, т.б. жағдайлар болуы мүмкін. Кейбір мемлекеттерде заң шығару өкілеттігін беру қатынасы заңи реттелмегенімен практикада мәртебесі бойынша заң шығаруға уәкілдендірілмеген тұлғаның заң актілерін шығаруы жағдайы орын алып отырады. Мысалға алсақ, көрші Ресей мемлекетінде заң шығару өкілеттігін беру мәселесінің конституциялық заңнамада реттелмегеніне қарамастан, РФ Парламентінің Үкіметке немесе Президентке заң қабылдау арқылы шешілуі тиісті қандай-да бір мәселені реттеуді тапсырған кездерін көруге болады.

Өзіміздің мемлекетімізге келсек, Қазақстанда заң шығару өкілеттігін беру институтының 1995 жылғы Конституцияда бекітілуіне заң шығарушы органның жұмысының көбейіп кетуіне орай оның



тікелей заң шығармашылығымен айналысуға уақытының жетпеуі немесе нақты бір қатынастарды жедел реттеу қажеттігі туындаған жағдайда Парламентте оны жедел реттеудің мүмкін болмауы себеп болды деп айта алмаймыз. 1995 жылғы Конституция қабылданғанға дейінгі мемлекеттік құрылыстағы тарихи жағдайды саралау Президенттің заң шығармашылығын жүзеге асыруына сол тұста заң шығармашылық қызметті атқаруға арнайы уәкілдендірілген орган – заң шығарушы органның мемлекеттік билік жүйесінде болмауы негіз болғанын көрсетеді.

Өкілеттік беру негізінде актілер шығарудың әлемдік практикасында заң шығармашылығының бұл нысаны арқылы шығарылған актілердің саны арнайы уәкілдендірілген орган – Парламенттің шығарған заңдарының санынан біршама есе асып кететінін кездестіруге болады. Мысалы, В.Е.Чиркин өз еңбегінде Ұлыбританияда бір жылда саны 100-ден аспайтын заң шығарылса, өкілеттік беру негізінде бір жылда 2 мыңға жуық актілер шығарылатынын көрсетеді (Чиркин, 2012:142). Тиісті институттың орын алуы практикасында өкілеттік беру негізінде үкіметтің (Қазақстанда Президенттің) мемлекет өмірінде пайда болған мәселелерді заң шығара отырып табысты шешкен кездерін кездестіруге болады. Мысалы, Қазақстанда Республика Президенті Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі таратуына байланысты оның өкілеттік беруімен 54 заң күші бар жарлық шығарған болатын («Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы» жылғы заңға сәйкес). Заңның күшіне ие бұл жарлықтар мемлекеттік құрылыстың, экономикалық реформаның, халықты әлеуметтік қорғаудың, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтудың, сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметтің маңызды мәселелерін шешті (Мұхамеджанов, 1995:2). Н.Ә.Назарбаевтың өз сөзімен айтқанда: «Парламент жоқ кезде заң күші бар жарлықтармен құқықтық реттеу саласындағы кем-кетіктердің орнын толтыруға, нарық шаруашылығын қалыптастыру үшін аса қажет деген экономикалық заңдар пакетін қабылдауға тура келді. Соның нәтижесінде еліміздің шаруашылық кешенінің үзіліссіз жұмысы қажетті заңдылық негіздерімен қамтамасыз етілді (Назарбаев, 1996:1-2). Олай болса, тиісті институттың қолданылуы

практикасы оның тек заң шығармашылығының тоқтап қалмауын қамтамасыз етіп қана қоймай, сондай-ақ мемлекеттік басқару мен қоғамдық дамудың дер кезінде құқықтық базамен үздіксіз қамтамасыз еткендігін көрсетеді.

Үшіншісі - халықтық заң шығармашылық. Мәселе халықтың тікелей ерік білдіруі негізінде, яғни референдум арқылы заң актілерін шығару туралы болып отыр. Заң шығармашылығының алдыңғы нысандарының субъектілері мемлекеттік биліктің заң шығару органы мен заң шығаруға өкілеттік алған тұлға (Президент, Үкімет) болса, референдум арқылы заң шығарудың субъектісі – қарапайым халық. Заң шығармашылығының бұл нысаны әлем мемлекеттерінде сирек кездесетініне қарамастан, халықтың заңдар шығаруы өте маңызды, мәнді. Ол кез-келген мемлекеттің демократиялық сипатының көрінісі.

Референдум – бұл демократияның ең бір ықпалды және көрнекті нысанының бірі. Бұл мемлекеттік өмірдің белгілі бір мәселелерін халықтың тікелей шешуін, халықтың еркін анықтау мен заңи рәсімдеуді қамтамасыз етеді. Ресей Федерациясының 28 маусым 2004 жылғы «О референдуме Российской Федерации» атты заңының кіріспесіне сәйкес референдум халық билігінің жоғарғы тікелей көрінісін, оның егемендігін жүзеге асыру амалын білдіреді ([consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=LAW&n=218210](http://consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=LAW&n=218210)).

Республика Конституциясының 3 бабына сәйкес Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылады. Ол билікті тікелей және өз өкілдері арқылы жүзеге асырады. Референдум халықтың мемлекеттік билікті тікелей жүзеге асыруының негізгі бір жолы ретінде танылған.

Мәні бойынша референдум - бұл референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың мемлекеттік маңызды мәселелер бойынша бүкілхалықтық дауыс беруі болып табылады. Халықтың дауыс беруіне шығарылатын мұндай (мемлекеттік маңызды) мәселелер қатарына заңдарды қабылдау да жатады.

Референдум институтын зерттеп, саралау оның бірден бүкілхалықтық дауыс беру ретінде танылмағанын көрсетеді. Кез-келген құбылыс секілді референдумның да қалыптасу және даму тарихы оның бір кездері бүкілхалықтық сұрақ ретінде, кейінірек белгілі

бір мәселелер бойынша ақырғы шешім қабылдау мақсатымен сайлаушылар корпусына жолдану ретінде анықталғандығын көрсетеді. Кезінде референдумның заң жобасы бойынша бүкілхалықтық дауыс беру емес бүкілхалықтық сұрақ ретінде анықталуына 1936 жылғы СССР Конституциясында тиісті институттың реттелу жағдайы себеп болды. Атап айтқанда, бұл Конституцияда референдум бүкілхалықтық сұрақ ретінде анықталған болатын. Өзінің даму сатысында референдум, атап кеткеніміздей, нақты бір мәселелер бойынша халыққа жолдану ретінде де анықталған еді. Нақты айтсақ, кезінде профессор А.А.Мишин заңи энциклопедиялық сөздікте референдумды «конституциялық, заңдылық мәселелер бойынша немесе өзге ішкі саяси және сыртқы саяси мәселелер бойынша ақырғы шешім қабылдау мақсатымен сайлаушылар корпусына жолдану» деп көрсеткен еді (Сухарев, 1984:320). Оның референдумды тиісті мәселелер бойынша шешім қабылдау емес, тек халыққа жолдану ретінде анықтауында «... тиісті институттың ... дауыс беру, нақты шешім қабылдау секілді мәні байқалмайды» дейді ғалым Д.М. Баймаханова (Баймаханова, 1998:64).

Қазақстанның 1978 жылғы Конституциясында мемлекеттік өмірдің неғұрлым маңызды мәселелерінің бүкілхалықтық талқылауға шығарылатындығы, сондай-ақ бүкілхалықтық дауыс беруге (референдумға) қойылатындығы реттелген еді. Референдумның тиісінше анықталуы қоғам тарапынан оның сипатына қатысты түсініксіздік тудырған болатын. Осы орайда көрнекті ғалым-заңгер Ғ.С.Сапарғалиевтің келесі пікіріне тоқталғанды жөн санадық: «референдум сипатының анық еместігі оның маңыздылығына қатысты формальдық көзқарастың нәтижесі болды, себебі мемлекеттік өмірдің маңызды мәселелерін халық емес, оның орнына коммунистік партия шешті. КСРО-ны сақтап қалу жөнінде 1991 жылы өткізілген референдумның нәтижесі оның сипатының анық еместігінің дәлелі. Яғни, азаматтардың басым көпшілігі Одақты сақтауға дауыс бергенімен, бұл референдумның нәтижесі міндетті заңи күшке ие болмады» (Сапарғалиев, 2009:307-308).

Тәуелсіз Қазақстан тарихында референдум туралы екі заң қабылданды. 25 наурыз 1995 жылғы «Республикалық референдум туралы» ҚР Президентінің

конституциялық заң күші бар жарлығында референдум ҚР мемлекеттік өмірінің неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған заңдар мен шешімдердің жобасы бойынша бүкілхалықтық дауыс беру ретінде анықталды ([adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002151](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002151), 1 бап). Сол жылы қабылданған (02.11.1995 ж.) референдум туралы екінші заң референдум ұғымын толықтырды. Атап айтқанда, тиісті заңға сәйкес референдум 25 наурыздағы заңда анықталғандай мемлекет өмірінің неғұрлым маңызды мәселелері бойынша заңдар мен шешімдердің жобасы бойынша ғана дауыс беру емес, ең бастысы, ол Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекет өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру ([adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592), 1 бап). Аталмыш республикалық заңнамада мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде халықтың ҚР Конституциясын, конституциялық заңдар мен заңдарды қабылдау арқылы Республикамыздың заң шығармашылық қызметіне қатысуы тек теоретикалық тұрғыда ғана бекітілді. Тәуелсіз Қазақстан тарихында референдум тек екі рет қана өткізілді және 1995 жылғы Конституцияны қабылдау болмаса оның заң шығармашылығына қатысты болмағаны белгілі. Олай болса, референдум арқылы заң қабылдау Қазақстан Республикасы тарихында әлі күнге дейін қолданылмаған жағдай. Бұл демократиялық институт кеңес заманында да қолданылмады.

Халық заң шығармашылығының ерекше субъектісі. Ресей Федерациясында халық универсалдық құзыретке ие заң шығарушы ретінде қарастырылады. Бұл мемлекетте халықтық заң шығармашылықтың бір ерекшелігі: онда халық қоғамдық қатынастардың кез-келген дерлік саласын реттейтін заң актілерін қабылдауға құқылы әрі Ресейде кейбір заң актілері тек референдум өткізу жолымен ғана қабылдануы мүмкін. Бұған мысал ретінде РФ-ның жаңа Конституциясын және оған өзгертулер енгізу туралы заңды қабылдауды алуға болады. Бұл актілерді басқа нысанда қабылдауға жол берілмейді. Демек, Ресейде референдум тиісті мәселелерге қатысты міндетті сипатта болады. Өзіміздің мемлекетімізге келер болсақ, бізде референдумның құқықтық реттелуі оның факультативтік сипатын көрсетеді.

Факультативтік референдум – бұл белгілі бір мәселе бойынша референдум өткізуге немесе өткізбей-ақ шешуге болатын референдум. Әдетте, мұндай референдумды өткізу оны тағайындауға құзыретті тұлғаның қалауына байланысты.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, Ресейде халықтың референдум арқылы заң шығаруының келесі бір ерекшелігі: онда халық қоғамдық қатынастардың кез-келген дерлік саласын реттейтін заң актілерін қабылдауға құқылы. Қазақстанда қолданымдағы заңнамаға сәйкес референдум арқылы заң шығарудың пәні болып республика Конституциясы, конституциялық заңдар және заңдар (шоғырландырылған заңдар және жай заңдар), оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар табылуы мүмкін. «Республикалық референдум туралы» ҚР заңында референдумға шығарылмайтын мәселелер шегі анықталған. Тиісті ережеге сәйкес келесі мәселелер референдум талқысына шығарылмайды:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын мәселелер;

2) тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының мәртебесін, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, оны басқару нысанын, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптерін және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесін өзгерту мәселелер;

3) Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы мен шекараларының мәселелері;

4) сот әділдігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті қорғау мәселелері;

5) бюджет пен салық саясаты мәселелері;

6) рақымшылық пен кешірім жасау мәселелері;

7) Республика Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату мәселелері;

8) Республиканың халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерін орындау мәселелері ([adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592_), 3 бап).

Заң шығармашылығының тікелей субъектісі ретінде халықтың тиісті қызметінің нәтижесі Республика Президентінің немесе

мемлекеттік өкімет органдарының актілерімен қандай да бір қуаттауды қажет етпейді. Әрі Республиканың бүкіл аумағында міндетті күшке ие болады. Референдумда қабылданған заңдар кез-келген жағдайда заңи күшке ие болады, тиісінше бүкіл республика аумағында әрекет етеді.

Жоғарыда атап кеткеніміздей, Республика халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылады. Халықтың конституциялық-құқықтық қатынастар жүйесінде алатын орны референдумда қабылданған заңдардың басым заңи күшке ие болуы тиістілігін, яғни халықтың заң шығармашылығының нәтижесі болып табылатын заңның заңнама жүйесінде басымдыққа ие болуы керектігін көрсетеді. «Республикалық референдум туралы» заңға сәйкес (35 баптың 2 тармағы) референдумда қабылдаған шешім (заң) мен Республика Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және өзге де құқықтық актілерінің арасындағы сәйкессіздіктер Конституцияны, конституциялық заңдарды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді референдум қабылдаған шешімге сәйкес келтіру арқылы жойылады. Байқап отырғанымыздай, бұл норма референдум өткізу арқылы қабылданған заңның бүкіл құқықтық жүйеде басым болып табылатындығын көрсетеді. Алайда, республиканың келесі заңнамасын саралау халықтың тікелей ерік білдіруі арқылы қабылданған заңның заңнама жүйесінде басымдыққа ие болмауы мүмкіндігін көрсетеді. Атап айтқанда, «Республикалық референдум туралы» заң референдумда қабылданған заңның (актінің) жоғарылығын бекіткенімен (35 бап, 2 т.), «Құқықтық актілер туралы» заңның 12 бабында әртүрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар болған жағдайда неғұрлым жоғары деңгейдегі актінің нормалары қолданылатындығы, ал бір деңгейдегі актілердің нормаларында қайшылықтар болған жағдайда қолданысқа кешірек енгізілген актінің нормалары қолданылатындығы реттелген. Тиісінше, бұл норма халықтық заң шығармашылық арқылы қабылданған актінің деңгейі төмен болуы мүмкін деген пікір қалыптастырады. Оған қоса, аталмыш заңның нормативтік құқықтық актілердің сатысын анықтайтын нормасында (10 бап) халықпен референдумда қабылданған заңның тиісті сатыда алатын орны арнайы белгіленбеген. Олай болса, «Құқықтық актілер

туралы» заңда халықтық заң шығармашылық актісінің нормативтік құқықтық актілер сатысындағы орнын, референдумда қабылданған заң нормалары мен өзге актілердің нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда халықтың тікелей ерік білдіруі арқылы қабылданған заң нормаларының басым жағдайын реттеу керек.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясына сәйкес референдум өткізу туралы шешім қабылдау құқығы Республика Президентіне тиесілі. Алдыңғы, 1993 жылғы Конституциямен тиісті құқық Жоғарғы Кеңеске және Жоғарғы Кеңестің кеңесінен кейін Президентке берілген еді. Байқап отырғанымыздай, бүгінгі күнде заң шығарушы орган референдум өткізу туралы шешім қабылдауға құзырлы емес. Парламент тек референдум тағайындау жөнінде бастамашылық білдіру құқығын иеленеді. Мәселенің тиісінше шешілуін ғалым В.А.Ким және Г.В.Ким былай негіздейді: «... мұндай жағдайда референдум тағайындауда параллелизм болмайды. 1993 жылғы конституциялық нормада бекітілгендей референдум өткізу туралы шешім қабылдау құқығының екіге бөлінуі, яғни параллель механизмнің болуы ары қарай жалғаса бергенде ол биліктің дағдарысына соқтыруы мүмкін еді, ондай референдум халықты тікелей билік ету нысанынан оны жіктеу (раскол) құралына айналар еді» (В.А.Ким, Г.В.Ким, 1998:69). Ендігі кезекте, референдумда қабылданған заңдарды өзгерту мәселесіне келсек, Қазақстанда мұндай нысанда қабылданған заңдарды өзгертіп, толықтыруға қатысты арнайы ереже, өзгеше тәртіп белгіленбеген. Демек, референдумда қабылданған заңдар заң шығармашылығының өзге нысандарымен (Парламентпен) өзгертілуі мүмкін. Шетелдік тәжірибе тиісті мәселенің барлық мемлекетте біркелкі реттелмегенін көрсетеді. Көрші Ресей мемлекетінде жоғарыда көрсетіп кеткен 28 маусым 2004 жылғы «О референдуме Российской Федерации» атты заңның 83 бабының 4 тармағында референдумда қабылданған шешімдердің, егер тиісті шешімнің өзінде өзге тәртіп көрсетілмесе жаңа референдумда шешімдер қабылдау жолымен ғана өзгертілуі және жойылуы мүмкін екендігі реттелген еді. Байқап отырғанымыздай, бұл ереже халықтық заң шығармашылық нысанда қабылданған заңның тек тиісті нысанда ғана, яғни

референдумда қабылданған тиісінше заңмен ғана өзгертіліп, күшін жоятынын бекітті.

Ғылымда референдумда қабылданған заңдарды өзгертудің мұндай тәртібінің өз қиындықтары бар деп есептеледі. Атап айтқанда, мұндай тәртіп референдумда қабылданған заңдарды жетілдіруді өте күрделендіреді және еңсерілуі қиын болатын қайшылықтардың орын алу қаупін тудырады. Мысалы, егер референдумда қабылданған заңға жаңа заң қайшы келетін болса (Чухвичев, 2012:103).

Ресейде халықпен референдумда қабылданған заңдарға берілген мұндай жоғары орын онда халықтық заң шығармашылықтың өзгеше нәтижесі болып келесі табылатындығын көрсетеді: халықтың тікелей ерік білдіруі барысында қабылданған заңдар өзге нормативтік-құқықтық актілер үшін (заңдар үшін де) негіз қалаушы болып табылатынды. Демек, ресейлік жалпы халықтық референдумда қабылданған заңдар тұтастай заңнама жүйесі үшін, оның ішінде парламенттік жолмен қабылданған заңдар үшін де негіз, база ретінде қызмет етуге арналған.

Қазақстандық заң шығару практикасында халықтың тікелей ерік білдіруі арқылы халықтың заң шығармашылығының мысалы болып қолданымдағы Республика Конституциясы табылады. Ол әзірге халықтың тікелей ерік білдіруімен республикалық референдумда қабылданған бірден-бір акт.

«Республикалық референдум» туралы заңды саралау республикамызда халықтық заң шығармашылық процесінің жалпы және үстіртін реттелгенін көрсетеді әрі атап кеткеніміздей оның практикалық жүзеге асуы өте сирек, яғни бүгінгі күнде халықтық заң шығармашылық қолданымдағы Конституцияны қабылдаумен ғана шектеледі. Заң шығармашылығының бұл нысанының толық әрі нақты реттелмеуін келесілерден байқауға болады: халықтық заң шығармашылық барысында жүзеге асырылатын арнайы процедуралар толық анықталмаған, талқылауға шығарылатын заң жобасын кімнің және қалайша жасайтындығы, тиісті заң жобасына өзгертулерді кімнің және қалай енгізетіні, заң жобасын референдумға шығару үшін қандай арнайы процедуралар жүзеге асуы тиіс екендігі толықтай анық, түсінікті емес.

Жалпы, заң шығармашылығының бұл нысанының кемшін тұстары да кездеседі. Атап

айтқанда, заңдар референдум өткізу жолымен қабылданған жағдайда оның қатысушыларының (халықтың) заң жобасын дайындауға қатысуға шынайы мүмкіндігі болмайды. Азаматтар (халық) болашақ заңның мазмұнын анықтау, онда жазылған ережелердің мәні мен нысанына әсер ету құзыретін иеленбейді. Олар тек өзге субъектімен құрастырылған заң жобасының дайын мәтінімен келіседі немесе келіспейді. Оның үстіне референдумда оған қатысушылар тұтастай заң жобасына дауыс беруге мәжбүр болады. Яғни, азаматтар референдумға қойылған заң жобасының өзі қалайтын, көңілінен шығатын белгілі бір бөлігіне ғана дауыс бере алмайды. Өз кезегінде, заң шығарудың мұндай тәртібі заң шығарушының, яғни референдумда дауыс беруші азаматтың тұтастай заң жобасымен емес, тек белгілі бір бөлігімен ғана келіскен жағдайда оның келесі әрекеттің бірін таңдауға мәжбүр болатынын көрсетеді: заң жобасының өзінің көңілінен шығатын ережесімен қоса көңілінен шықпайтын ережесін де мақұлдап тұтас заң жобасының қабылдануы үшін дауыс береді немесе заң жобасында өзінің көңілінен шықпайтын ереженің болуына байланысты тиісті жобада өзінің мүддесіне жауап беретін, көңілінен шығатын ережелер болса да оны мақұлдамайды. Демек, мұндай жағдайда азамат өзінің еркіне қарсы әрекет етеді, яғни жоба мәтінінде өзіне ұнайтын, мүддесіне сай келетін ереже болса да оған қарсы дауыс береді. Бұл референдумның объективтілігі дәрежесін ғана төмендетпейді, сонымен қатар ол референдумды халықтың еркін байқату құралы ретінде пайдалану мүмкіндігіне күмән тудырады.

Референдумның ұйымдастырылуы мен өткізілу тәртібін қарастыратын заңды саралау оның референдум талқысына шығарылған заң жобасы бойынша халықтық талқылаудың өткізілетіндігін немесе өткізілмейтіндігін нақты реттемейтіндігін көрсетеді. Сондықтан, заңдардың жобаларын референдумға шығармас бұрын міндетті түрде халықтық

талқылауды өткізуді нақты түрде бекіту қажет. Референдум туралы заңда орын алған толық және нақты реттеушілік жағдай референдумға қатысушы азаматтарда бүкілхалықтық дауыс беруге шығарылып отырған заң жобасына өзгертулер енгізу, оның (заң жобасының) жаңа, өзіндік редакциясын ұсыну мүмкіндіктері болмайды деген қорытындыға келуге себеп болады.

Бұл аталғандар халықтың өз еркін тікелей білдіру жолы ретінде тұтастай референдум институтына сын ретінде қарауға әрі оның маңызына күмәндануға негіз болмайды. Референдум тұрғын халық үшін өз еркін өкілдерінің көзқарастарымен, ой-пікірлерімен байланыстырмай тікелей баяндаудың бірден-бір жолы ретінде қажет. Алайда, атап кеткеніміздей қазіргі кезде біздің елімізде бұл тетіктің орын алуы мен реттелуі жағдайында ол (референдум) халықтың алдын-ала анықталған, құрастырылған мәселе бойынша көзқарастарын білдіруі үшін жарайды. Бұл конституциялық-құқықтық институтты ары қарай жетілдіру, дамыту болашақта оның (референдумның) заң шығармашылығы процесінде халықтың еркін білдірудің жеткілікті түрде маңызды нысаны болуына мүмкіндік тудыруы мүмкін. Дамыған, жетілдірілген жағдайда референдум республикамыздың құқықтық базасын толықтырып қана қоймай, ол азаматтардың құқықтық санасының өсуіне көмектеседі, белгілі бір мемлекеттік органдардың (тұлғалардың) қызметінің жоғарылауына себепші болады. Өйткені, референдумда халық билігінің мынадай әлеуметтік қызметі жүзеге асады: мемлекеттік органдардың қызметіне қоғамдық бақылау. Олай дейтін себебіміз, референдумда оны тағайындау туралы бастамашылық білдірген субъектілердің халықтың дауыс беруіне ұсынған заң жобаларына өктем баға беріледі. Сондай-ақ, референдум арқылы азаматтардың мемлекет ісіне араласуы өсіп, өмірдің барлық салаларына ықпалы мен әсері күшейеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Құқықтық мемлекетті бекіту және азаматтық қоғамды дамыту жағдайында құқықтық мәдениеттің қалыптасуы: монография / Жауапты ред. А.С.Ибраева. – 2 бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 224 б.
2. Байгелді Ө. Ата заң - арайлы болашақ кепілі // Егемен Қазақстан. -29 тамыз 1996 ж.
3. Большая советская энциклопедия / Гл. ред. А.М.Прохоров. -Т.8. -М., «Советская энциклопедия», 1972. - 592 с.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы, Жеті жарғы, 1995.

5. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР заңы 2017 жылғы 10 наурыздағы №51-VI ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000051>
6. Севальнев В.В. Противодействие коррупции: опыт КНР // Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения. -2014. -№1. -С.91.
7. Троицкий П.В. Общая характеристика правового регулирования в современном Китае // Право и государство. -№3-4 (76-77). -2017. –С.157-168.
8. Чиркин В.Е. Законодательная власть. -М.: Норма, 2012. – 336 с.
9. Мұхамеджанов Б. Президенттің нормативтік қызметі нені көздейді // Егемен Қазақстан. - 01.03.1995
10. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның екі палаталы тұңғыш Парламенті – еліміздің заң шығармашылығындағы жаңа кезең // Егемен Қазақстан. -31 шілде 1996 ж.
11. Федеральный конституционный закон РФ «О референдуме Российской Федерации». <http://www.consultant.ru/cons/cgi/online.cgi?req=doc&base=LAW&n=218210&fld=134&dst=1000000001,0&rnd=0.6903938712607873#0028619496798>
12. Юридический энциклопедический словарь. Гл. ред. А.Я.Сухарев. -М.: Советская энциклопедия, 1984. - 415 с.
13. Баймаханова Д.М. Конституционные проблемы развития непосредственной демократии (на материалах Республики Казахстан). Дисс. к.ю.н. - Алматы, 1998
14. Сапарғалиев Г.С. Парламентское право. -Астана, 2009. – 284 с.
15. Республикалық референдум туралы» ҚР Президентінің 1995 жылғы 25 наурыздағы конституциялық заң күші бар жарлығы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002151\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002151_)
16. «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы № 2592 конституциялық заңы // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592_)
17. Ким В.А., Ким Г.В. Конституционный строй Республики Казахстан. -Алматы, 1998 - 170 с.
18. Чухвичев Д.В. Законодательная техника. Второе издание. – М.: Юнити-Дана. Закон и право, 2012. – 415 с.

УДК:342.5

МРНТИ:10.15.33

А.О.Касымбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>КазНПУ имени Абая (Алматы, Казахстан)

## ПАРЛАМЕНТСКИЙ КОНТРОЛЬ КАК ИНСТРУМЕНТ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ВЕРХОВЕНСТВА ПРАВА И ПОСТРОЕНИЯ СИЛЬНОГО ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА

### Аннотация

В статье рассматриваются некоторые особенности парламентского контроля в Казахстане и России. Выступая разновидностью государственного контроля, он является неотъемлемой частью современного конституционализма, фактором прогрессивного правового страны, позволяет контролировать в рамках парламентских процедур, деятельность исполнительных органов власти, особенно в части исполнения республиканского бюджета, реализации программ социально-экономического развития.

Особое внимание в статье обращается на сложность реализации некоторых форм парламентского контроля, а также необходимости принятия ряда новых законов, направленных на обеспечение верховенства парламента.

**Ключевые слова:** парламент, государство, контроль, права.

А.О. Қасымбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы, Қазақстан)

## ПАРЛАМЕНТТІК БАҚЫЛАУ ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ МЫҚТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан мен Ресейде парламенттік бақылаудың кейбір ерекшеліктері қарастырылады. Мемлекеттік бақылаудың бір түрі бола отырып, ол қазіргі конституционализмнің ажырамас бөлігі, прогрессивті құқықтық елдің факторы болып табылады, парламенттік рәсімдер шеңберінде биліктің атқарушы органдарының қызметін, әсіресе республикалық бюджетті атқару, әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын іске асыру бөлігінде бақылауға мүмкіндік береді.

Мақалада парламенттік бақылаудың кейбір нысандарын іске асырудың күрделілігіне, сондай-ақ Парламенттің үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар жаңа заңдарды қабылдау қажеттігіне ерекше назар аударылады.

**Түйін сөздер:** парламент, мемлекет, бақылау, құқық.

А.О. Kassymbek<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

## PARLIAMENTARY CONTROL AS A TOOL FOR ENSURING THE RULE OF LAW AND BUILDING A STRONG LEGAL STATE

*Abstract*

The article discusses some features of parliamentary control in Kazakhstan and Russia. Speaking as a kind of state control, it is an integral part of modern constitutionalism, a factor of a progressive legal country, it allows you to control the activities of the executive authorities, especially in the execution of the republican budget, and the implementation of socio-economic development programs, within the framework of parliamentary procedures.

Particular attention in the article is drawn to the complexity of implementing some forms of parliamentary control, as well as the need to adopt a number of new laws aimed at ensuring the supremacy of parliament.

**Keywords:** parliament, state, control, law.

Декларация Совещания на высоком уровне Генеральной Ассамблеи ООН по вопросу о верховенстве права на национальном и международном уровнях подтвердила приверженность современных стран целям и принципам Устава Организации Объединенных Наций, международному праву и правосудию, а также международному порядку на основе верховенства права, которые являются непреложной основой более мирного, процветающего и справедливого мира [1].

Процесс обеспечения верховенства права тесно связан с деятельностью высших органов государственной власти, эффективная работа которых способствует развитию идей правового государства и их внедрению в ткань общественных и государственных отношений.

Аксиологическая значимость идеи верховенства права, заключается в том, что она составляет правовой каркас

конституционного строя многих стран мира, составную часть сильного демократического государства и основой обеспечения прав и свобод личности.

Исторические истоки и генезис данного принципа встречались еще в трудах Аристотеля, который считал, что «государство, должно управляться законами, а не людьми»[2]. Позже, в эпоху абсолютизма, идеи верховенства права стали обсуждаться в контексте ограничения власти монархов посредством законов, в целях защиты интересов личности от государственного произвола.

Верховенство права как базовый принцип современного конституционализма означает, что законы принятые парламентами должны обладать не только высшей юридической силой по отношению к иным актам, но и соответствовать идеям законности и справедливости, как важным составляющим

демократического государства. Только закон может выступать регулятором важнейших общественных отношений, подчиняющий нормам права не только государство и его органы, но и всех должностных лиц.

Вместе с тем, как показывает анализ юридической литературы, механизм обеспечения верховенства права имеет многосоставный характер, и наряду с правовыми нормами, включает в себя также систему институтов власти, которые в установленном Конституцией порядке наделены необходимыми полномочиями по обеспечению идей правового государства.

Конституционное развитие современных государств показывает, что огромную роль в процессе обеспечения верховенства права играет Парламент, главное назначение которого заключается в принятии правовых законов, направленных на защиту общественных интересов.

Дееспособный и независимый парламент, наиболее надежный ограничитель государственной власти. В зависимости от формы правления, он наделен различными функциями по обеспечению суверенитета и территориальной целостности, защите конституционного строя, прав и свобод личности.

Эффективная законодательная деятельность парламентов позволяет гарантировать в обществе верховенство Конституции, преемственность верховной власти, внедрять в правовую систему наиболее передовые нормы международного права.

Одной из наиболее эффективных форм деятельности парламента по обеспечению верховенства права является его законодательская деятельность. Основными формами такого участия является право законодательной инициативы, участие в конституционном процессе, обращение в Конституционный Совет по поводу официального толкования норм Конституции, инициирование новых законопроектов, направленных на обеспечение верховенства права.

Презумпция верховенства Парламента, сформированная еще в XIX веке английским ученым А. Дайси, означает что *«законодатель вправе издавать или отменять любой принятый им акт независимо от сферы регулируемых общественных отношений»*. Этот принцип, с некоторыми вариациями и сегодня применяется в странах с

парламентарными и смешанными формами правления и предполагает, что проведение законодательных процедур, должны быть направлены на повышение эффективности законотворческого процесса и соответствовать интересам общества. В этом, по сути, состоит основная идея представительной природы современного парламента как надежного механизма защиты общественных интересов и гаранта от произвола в сфере публичных правоотношений.

Примечательно также, что правовые и политические аспекты организации парламентского контроля широко обсуждаются в научных публикациях современных ученых, изучаются основные его формы и особенности при различных формах правления, а также политико-правовые последствия его проведения[3].

Так, профессор Ю.А. Тихомиров, анализируя функции современного парламента, выделяет законодательную, представительную, конституционную, внутриорганизационную и контрольную, И.А. Макаров - законодательную, представительную и контрольную, а Ж.И. Овсепян - законодательную и контрольную[4].

Профессор Г.С. Сапаргалиев, наряду с представительской и законодательной, выделял контрольно-оценочную функцию, объединяющую собственно контрольные полномочия Парламента и оценку деятельности Правительства. Данная функция, по мнению ученого, осуществляется при заслушивании отчетов Правительства, проведении парламентских слушаний, при выражении вотума недоверия и др[5].

Несмотря на некоторые различия, большинство авторов, в качестве основной называют именно контрольную функцию, направленную на обеспечение «чистоты» государственно-властных отношений в самых различных сферах общественной жизни.

Являясь составной частью современного конституционализма, и необходимым условием построения сильного государства, парламентский контроль выступает неотъемлемой частью системы сдержек и противовесов, обеспечивает прозрачность процедуры формирования органов исполнительной власти, и принятия наиболее значимых государственных решений, способствующих реализации норм Конституции. «Сущность и назначение парламентского контроля, - по мнению



ученых, - заложена в самой Конституции, и определяются правом многонационального народа Республики Казахстан иметь возможность контролировать через представительную власть деятельность Правительства и иных органов власти, и в первую очередь в сфере бюджетных правоотношений»[6]. «Выступая неперменным условием устойчивости конституционного строя и его институтов»[7], и одновременно «гарантом преобладания общенациональных интересов, парламентский контроль является надежным фактором обеспечения законности в деятельности исполнительной власти и повышения ее эффективности»[8].

По своему назначению парламентский контроль как форма народного (государственного) контроля имеет различные аспекты. Помимо контроля строго экономических вопросов, нередко он носит и политический характер, эффективность которого, может определяться интересами различных партийных или олигархических групп, а также практическим опытом их проведения.

Наиболее часто парламентский контроль проявляет себя в процессе реализации парламентских процедур, основной целью которых является обеспечение эффективности работы парламента и его органов. Парламентская процедура является важным показателем развитости парламентаризма, и одновременно гарантией легитимности парламентского процесса.

Так, во многих странах мира, контрольные органы (чаще Счетные палаты) вправе контролировать финансовые акты, издаваемые правительством по исполнению бюджетов. О результатах своей работы контрольный орган докладывает Парламенту, который вправе политико-правовыми средствами реагировать на возможные нарушения Конституции [9].

Такая практика больше характерна для таких стран как Великобритания, Италии, Японии, Финляндия, Швеция и некоторых других стран, в которых Парламент как носитель верховной представительной власти наделен широкими законодательными полномочиями, в том числе и в контрольной сфере. Долгое время, в силу доктрины верховенства Парламента в системе разделения власти конституционность принимаемых ими актов не оспаривалась. Однако, сегодня в большинстве стран учреждены органы конституционного

контроля, которые вправе устанавливать конституционность законов и иных актов парламента в случае возникновения спора о его конституционности.

Конституционное развитие зарубежных стран показывает, что одной из форм парламентского контроля является выражение вотума недоверия исполнительной власти или отдельному министру.

Причем, законодатель не дает исчерпывающего перечня оснований, которые могут служить основанием для ее применения. Чаще всего это может быть связано с социально-экономическим кризисом и неспособностью правительства решать поставленные задачи, утратой политического доверия, противостоянием правительства и палат парламента, инициированием неполярных законодательных актов и др. Не последнюю роль могут играть и партийные интересы парламентских партий.

Парламентский контроль в современных странах имеет и иные формы, степень эффективности которых во многом определяется формой правления, политическим составом, как парламента, так и правительства, а также слаженностью системы сдержек и противовесов.

Как известно, в России и Казахстане с принятием новых конституций произошел переход к идее рационального парламентаризма, что предполагает несколько иные императивы поведения властей и характер их взаимодействия с Президентом.

В Конституции России Федеральное Собрание - определяется в качестве представительного и законодательного органа Российской Федерации. Федеральное Собрание состоит из двух палат - Совета Федерации и Государственной Думы [10].

В Казахстане, Парламент также является высшим представительным органом Республики, осуществляющим законодательные функции. Организация и деятельность Парламента Республики Казахстан, правовое положение его депутатов определены Конституцией, Конституционным Законом «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов», регламентами и другими законодательными актами [11].

К примеру, в Конституции Казахстана вообще отсутствует термин «парламентский контроль», однако анализ его функций позволяет нам выделять контрольную деятельность Парламента; Палат Парламента;

постоянных комитетов; деятельность депутатских групп и фракций и некоторые другие. Схожие контрольные функции закреплены и в Конституции Российской Федерации.

Механизм парламентского контроля в Казахстане и России включает в себя такие формы как депутатский запрос, контрольные полномочия в сфере бюджетных правоотношений, квазисудебные полномочия (участие в процедуре импичмента), выражение вотума недоверия, обращение в орган конституционного контроля, парламентские расследования, а также иные парламентские процедуры, характерные для большинства стран мира.

Важнейшей контрольной прерогативой современных парламентов является финансовый контроль, проводимый Счетными палатами. Так, в Российской Федерации задачами Счетной палаты являются организация и осуществление контроля за своевременным исполнением доходных и расходных статей федерального бюджета и бюджетов федеральных внебюджетных фондов; определение эффективности и целесообразности расходов государственных средств и использования федеральной собственности; оценка обоснованности доходных и расходных статей проектов федерального бюджета и бюджетов федеральных внебюджетных фондов; финансовая экспертиза проектов федеральных законов, и др. [12]

В России, в отличие от Республики Казахстан принят самостоятельный закон «О парламентском контроле», который регулируют общественные отношения, связанные с осуществлением палатами Федерального Собрания Российской Федерации, комитетами и комиссиями палат Федерального Собрания Российской Федерации [13].

Самостоятельным направлением в реализации контрольных полномочий парламентов России и Казахстана является их участие в формировании различных органов власти. Например, Государственная Дума и Мажилис участвуют в формировании Правительства; Совет Федерации участвует в формировании Конституционного Суда, а Сенат и Мажилис - Конституционного Совета РК. С участием парламента формируются Счетная палата России и Счетный комитет РК. Парламенты также наделены властью

утверждать федеральный (и республиканский) бюджет и отчеты о их исполнении.

Если говорить о вотуме недоверия, предусмотренного конституциями наших стран, то следует отметить, прежде всего, его жесткий формат, который не позволяет парламенту оказывать давление на политику правительства. Если в России за годы независимости были замечены робкие попытки реализации данного права [14], то в Казахстане это право относится к летаргическим полномочиям Мажилиса Парламента. Несмотря на активность депутатов Государственной думы и пассивность Мажилиса Парламента, общим все же является практическая невозможность реализации данного права.

Так, согласно ст. 117 Конституции РФ «Государственная Дума может выразить недоверие Правительству Российской Федерации. Постановление о недоверии Правительству Российской Федерации принимается большинством голосов от общего числа депутатов Государственной Думы. После выражения Государственной Думой недоверия Правительству Российской Федерации Президент Российской Федерации вправе объявить об отставке Правительства Российской Федерации либо не согласиться с решением Государственной Думы. В случае если Государственная Дума в течение трех месяцев повторно выразит недоверие Правительству Российской Федерации, Президент Российской Федерации объявляет об отставке Правительства, либо распускает Государственную Думу».

Однопартийный состав Мажилис Парламента также не позволяет выразить недоверие правительству, что на практике снижает его возможности влиять на политику исполнительной власти. Как правило, президентская республика исключает выражение вотума недоверия, сохраняя за главой государства, в случае необходимости менять состав Правительства снимая возникающую напряженность в отношениях с властями.

Сильная модель президентуры, сложившиеся в России и Казахстане характеризуется наличием ограниченных полномочий, не дающих возможность полноценно контролировать исполнительную ветвь власти, особенно в сфере бюджетных правоотношений, а также расследовать громкие коррупционные правонарушения.

Насущной проблемой для современного Казахстана остается принятие самостоятельного закона «О парламентском контроле», который должен уточнить понятие и пределы, формы, виды и юридические последствия парламентского контроля, полномочия палат Парламента, парламентских комитетов и комиссий, а также отдельных депутатов. По нашему мнению особое место в нем должен занять институт парламентского расследования. Конституционный статус должен получить и депутатский запрос.

Сегодня парламентский контроль, носит не системный характер, не позволяет в рамках парламентских процедур расследовать правонарушения с участием государственных служащих, привлекать к ответственности должностных лиц, игнорирующих депутатские запросы.

Реализация указанных мер станет неотъемлемым фактором повышения эффективности и повышения роли парламента в механизме разделения власти и укрепление демократических начал в государственном управлении.

*Список использованных источников:*

1. Декларация совещания на высоком уровне Генеральной Ассамблеи по вопросу о верховенстве права на национальном и международном уровнях // Принята резолюцией 67/1 Генеральной Ассамблеи от 24 сентября 2012 года. // [http://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/ruleoflaw\\_2012.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/ruleoflaw_2012.shtml)
2. Философско-правовые взгляды Платона и Аристотеля. // [https://studbooks.net/529857/filosofiya/filosofsko-pravovye\\_vzglyady\\_platona\\_i\\_aristotelya](https://studbooks.net/529857/filosofiya/filosofsko-pravovye_vzglyady_platona_i_aristotelya)
3. Демидов М.В., Казакова Е.В. Парламентский контроль за органами исполнительной власти субъектов Российской Федерации. Чебоксары, 2017. - 167 с.; Сапаргалиев Г.С. Парламентское право Республики Казахстан: Монография. – Астана: ТОО Институт законодательства Республики Казахстан. 2009. – 224 с.; Каримова Г.Ю. Институт парламентского контроля в зарубежных странах // <https://cyberleninka.ru/article/n/institut-parlamentskogo-kontrolya-v-zarubezhnyh-stranah> и др.
4. Вандышева Е.А., Сунгурое. А.Ю. Контрольная функция парламента: парламентские комиссии по расследованию и счетные палаты. // <https://cyberleninka.ru/article/n/kontrolnaya-funktsiya-parlamenta-parlamentskie-komissii-po-rassledovaniyu-i-schetnye-palaty>
5. Сапаргалиев Г.С. Парламентское право Республики Казахстан: Монография. – Астана: ТОО Институт законодательства Республики Казахстан. 2009. – С. 93.
6. Караев А.А. Совершенствование форм парламентского контроля в Республике Казахстан. // <https://www.zakon.kz/4621897-sovershenstvovanie-form-parlamentskogo.html>
7. Диваева Г.Ю. Институт парламентского контроля: конституционно-правовой аспект. // Автореф. дисс. на соискание уч. степени к.ю.н. - Казань-2004: // <http://lawtheses.com/institut-parlamentskogo-kontrolya#ixzz5iDsAno4A>
8. Караев Р.Ш. Конституционно-правовые формы парламентского контроля за исполнительной властью в РФ: Автореф... на соиск. уч. степени к.ю.н. 12.00.02. – Ростов-на-Дону, 2002. – С. 3.
9. Арановский К.В. Государственное право зарубежных стран: М.: ФОРУМ, 1999. – С. 145.
10. Конституция Российской Федерации. Принята народом России 12 декабря 1993 года, вступила в силу 25 декабря 1993 года // <http://www.constitution.ru/10003000/10003000-7.htm>
11. Официальный сайт Парламента Республики Казахстан. // <http://www.parlam.kz>
12. Федеральный закон « О Счетной палате РФ от 27 марта 2013 года [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_144621/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_144621/)
13. Федеральный закон от 7 мая 2013 г. «О парламентском контроле» // <http://base.garant.ru>.
14. Вотум недоверия. 20 попыток. // [http://rapsinews.ru/legislation\\_publication/20160609/276267891.html](http://rapsinews.ru/legislation_publication/20160609/276267891.html)

**ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫ  
СЕМЕЙНОЕ ПРАВО  
FAMILY LAW**

УДК: 347.61/.64  
МРНТИ: 10.47.01

*Б.Б. Абылкасымова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының  
7М04201-құқықтану мамандығының 1-курс магистранты (Алматы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Ж.А. Хамзина*

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты,  
Құқықтану кафедрасының профессоры, з.ғ.д.*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША НЕКЕ ТҮСІНІГІ**

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша неке түсінігі және некені заңды түрде рәсімдеу негіздері қарастырылған. Сондай-ақ, некеге тұратын адамдардың өзара келісімі некеге тұрудың шарты ретінде ер мен әйелдің ерікті және еркін одағы болып табылатынын зерттеп көрсетеді. Отбасының өмірлік мәселелерін бірлесіп шешу құқығы отбасының бюджетін бөлісу, балалар тәрбиесі, үй шаруашылығын жүргізу, туған-туыскандарымен бірге немесе бөлек тұру міндеттері ерлі-зайыптылардың бір-бірімен келісімі бойынша шешілетінін белгілейді.

**Түйін сөздер:** неке, отбасы, ерлі-зайыптылар, балалар.

*Б.Б. Абылкасымова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>магистрантка 1-курса специальности 7М04201- юриспруденция Института истории и права  
КазНПУ имени Абая (Алматы, Казахстан)*

*Научный руководитель: Ж.А. Хамзина*

*д.ю.н., профессор кафедры Юриспруденции Института истории и права КазНПУ имени Абая*

**ПОНЯТИЕ БРАКА ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

*Аннотация*

В статье рассмотрены понятие брака и основы законодательного оформления брака в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Кроме того, взаимное согласие лиц, вступающих в брак, свидетельствует о том, что условием заключения брака является добровольный и свободный союз мужчины и женщины, которым принадлежит право на совместное решение жизненных вопросов семьи.

**Ключевые слова:** брак, семья, супруги, дети.

*B.B. Abylkasymova*<sup>1</sup>

*<sup>1</sup>Master of the 1st year of the specialty 7M042010- jurisprudence of the Institute of History and Law of the Abai KazNPU (Almaty, Kazakhstan)*

*Research supervisor: Zh.A. Hamzina*

*Doctor of Legal Sciences, Professor of the Department of Jurisprudence of the Institute of History and Law of the Abai KazNPU*

## CONCEPT OF MARRIAGE UNDER THE LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

### *Abstract*

The article considers the concept of marriage and the basis of the legislative formalization of marriage in accordance with the legislation of the Republic of Kazakhstan. Furthermore, the mutual consent of the persons entering into the marriage shows that the condition for marriage is a voluntary and free union of men and women. The right to a joint solution of family life issues determines that the obligations to allocate the family budget, raise children, maintain a household, live together with relatives or be separately resolved by agreement of the spouses.

**Keywords:** marriage, family, spouses, children.

Отбасы құқығы бойынша «неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ» (Кодекстің 1-бабы, 26-тармағы).

Некені заңды түрде рәсімдеу дегеніміз оны азаматтық хал актілеріндегі жазу органдарында тіркеу болып табылады. Белгілі бір тәртіппен тіркелген некенің ғана құқықтық күші болады. Бұл ереже неке-отбасы заңдарының негіздерінің бірі болып табылады («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодексінің 2-бабы)[1].

Қазақстан аумағында қолданылып жүрген неке және отбасы туралы заңда некені міндетті түрде тіркеу барлық кезде талап етілмеді. Мұндай ереже 1926 жылға дейін болды да, кейін 1944 жылғы 8-шілдедегі КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығы болды. Бұл Жарлық бойынша іс жүзінде некеде болып, бірақ тіркелмеген адамдардың некесі мойындалмады. Ал, мұндай қатынастағыларға бірге тұрған кездерінің уақыты көрсетіле отырып АХАЖ органдарында тіркеу жолымен рәсімдеу құқығы берілді. Кейін ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған, майданда хабарсыз кеткен жағдайларда аман қалғанының және балаларының мүддесі үшін іс жүзіндегі неке қатынастарын заңдастыру мүмкіндігі сот тәртібімен шешіліп отырды.

Мемлекеттік және қоғамдық мүдделер тұрғысынан алғанда да, ерлі-зайыптылардың және олардың балаларының жеке және мүліктік мүддесін қорғау жөнінен де некені

тіркеу қажет. Тіркеу кезінде некені кию шарттарының сақталғандығы тексеріледі.

Некеге тұру үшін заңда белгіленген шарттарды (9-11-баптар) сақтау қажет. Аталған шарттарды оң (позитивтік), теріс (негативтік) деп белу қабылданған. Басқаша айтқанда, оңды жағы көбірек болып, теріс жағы болмаған жағдайда некеге тұруға болады.

Оның біріншісіне мыналар жатады: некеге тұратын еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі.

Некеге тұратын адамдардың өзара келісімі некеге тұрудың шарты ретінде еркек пен әйелдің ерікті және еркін одағы болып табылатын неке мәнінен туындайды. Осы шарт біреудің мәжбүр етуімен болатын неке одағына заң мән бермейтінін көрсетеді.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 10-бабында белгіленгендей, еркектер мен әйелдердің неке жасы - 18. Ертеректе Қазақ КСР-інің неке және отбасы кодексінің 16-бабына сәйкес еркектердің неке жасы - 18, әйелдердікі - 17 деп белгіленген болатын.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 10-бабында азаматтық хал актілеріне жазу органдары некеге тұруды мемлекеттік тіркеу орындарында дәлелді себептері болған жағдайда неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендету мүмкіндігі (некеге тұрушылардың өздерінің және олардың ата-аналарының немесе қорғаншылардың келісімімен) көзделген.

Белгіленген неке жасын кемітудің қажеттілігіне келетін болсақ, мұндай жағдай әдетте неке жасына толмаған, бірақ іс жүзінде некеде тұрғандар үшін, әйелдің аяғы ауырлығы мен баласын тууы үшін жасалады.

Некеге тұруға кедергі жасайтын қолайсыз жағдайлардың немесе басқа да себептердің

болатындығы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 11-бабында қарастырылған. Осы бапқа сәйкес мына тараптағы адамдардың некеге тұруына тыйым салынады:

- 1) бір жынысты адамдардың;
- 2) олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдардың;
- 3) жақын туыстардың;
- 4) бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың;
- 5) соттың заңдық күшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың некеге тұруына тыйым салынады.

Егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, азаматтар өздеріне тиесілі неке-отбасы қатынастарынан туындайтын құқықтарды, оның ішінде осы құқықтарды қорғауға арналған құқықты өз қалауы бойынша қолданады.

Неке-отбасы құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерді орындау отбасының басқа мүшелері мен құқықтың өзге субъектілерінің құқықтарын, бостандығын және заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

Неке-отбасы құқықтары заңмен қорғалады, бұған осы құқықтардың мақсатына қайшы келетін жағдайлар қосылмайды.

Тіркелген неке ерлі-зайыптылардың арасындағы жеке және мүліктік құқықтар мен міндеттерді тудырады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 29-бабына сәйкес ерлі –зайыптылардың жеке құқықтарына мыналар жатады: тегін таңдау құқығы, қызмет түрін, мамандықты, тұрғылықты жерді таңдау құқықтары, отбасы өмірінің мәселелерін бірлесіп шешу құқығы.

Заңға сәйкес ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттерді атқарады. Ерлі-зайыптылардың жеке құқықтарының теңдігі отбасы өмірінің барлық жалпы мәселелерін (ана, әке болу, балаларға тәрбие мен білім беру мәселелері және отбасы өмірінің басқа да мәселелері) олардың бірлесіп және өзара келісе отырып шешуінен көрінеді. Алайда, ерлі-зайыптылардың ешқайсысы да жеке құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде артықшылықты пайдалануға тиіс емес.

Қолданылып жүрген заңда текті таңдаудың екі жолы ұсынылған. Некеге тұру кезінде ерлі-зайыптылардың қай-қайсысы да өздерінің некеге отырғанға дейінгі тегін қалдыра алады. Сонымен бірге ерлі-зайыптылар өз қалаулары

бойынша ортақ бір тек таңдауға құқылы. Ондай тек ерінікі болмаса әйелінікі де болуы мүмкін. Тәжірибеде ерлі-зайыптылар ортақ бір текті (әдетте ерінің тегін) таңдайды.

Кейбір елдердің, оның ішінде ТМД құрамына кіретін елдердің заңы ерлі-зайыптылардың екі текті де алуына мүмкіндік жасайды, яғни өзінің тегіне жұбайының тегін қосуына жағдай жасайды. Қазақ КСР-інің неке және отбасы туралы Кодексі бұған жол берген жоқ еді. Ал, енді «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 31-бабында жұбайлардың біреуінің некеге тұрғанға дейінгі тегі қосарлас болғанда болмаса, басқа жағдайда екі текті де алып жүруге рұқсат етеді.

Қызмет пен мамандықты ерікті талдау құқығы ерлі-зайыптылардың оқу орындарына түсу, мамандық таңдау, сол таңдап алған мамандық бойынша жұмыс орынның табу жөніндегі мәселелерді жеке өздерінің шешулеріне болатындығын көрсетеді. Әдетте, қызмет пен мамандық таңдау ерлі-зайыптылардың екі жақты келісімдері бойынша отбасы мүддесін ойластыра отырып жүзеге асыратын ісі.

Тұрғылықты жерді таңдау еркі дегеніміз мынаны білдіреді: ерлі-зайыптылардың жеке тұруларына болады немесе әртүрлі тұрғын үйлерді иемденуге құқылы. Бірақ, еркек пен әйел басын біріктіру үшін некеге тұратындықтан, отбасын құруға және оны нығайтуға мұндай құқықтардың пайдасы болмайды. Заңда көрсетілген тұрғылықты жерді таңдау еркіне ие болу құқығының мәні ерлі-зайыптылардың ешқайсысы да бір-бірін белгілі бір жерде тұруға мәжбүр ете алмайтындығында, ал таңдау екі жақтың өзара келісімімен жүзеге асырылуы керек.

Отбасының өмірлік мәселелерін бірлесіп шешу құқығы отбасының бюджетін бөлісу, балалар тәрбиесі, үй шаруашылығын жүргізу, туған-туысқандарымен бірге немесе бөлек тұру міндеттері ерлі-зайыптылардың бір-бірімен келісімі бойынша шешілетінін белгілейді. Ерлі-зайыптылардың ешқайсысы да өзінің еркін екіншісіне тануға құқылы емес. Егер ерлі-зайыптылар кейбір мәселеде келісімге келе алмаса, онда олар өз дауларын шешу үшін Заңда көрсетілген органдарға шағы адануға құқылы. Мәселен, ерлі-зайыптылар арасында балалар тәрбиесі мен тек таңдауда келісім болмаса, бұл мәселені қорғаншы және қамқоршы органдар арқылы шеше алады.

Ерлі - зайыптылардың мүліктік қатынастары оларға тиесілі болған мүлікті меншіктену және бір-бірлеріне өзара материалдық қолдау

көрсету міндеттерінен туындайды. Құқықтық қатынастардың бірінші түрі Кодекстің «Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері» деп аталатын 7-тарауындағы нормалармен, ал екіншісі — Кодекстің «Ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттемелері» деп аталатын 19-тарауындағы нормалармен реттеледі.

Ерлі-зайыптылардың меншік құқығының регламентациясы немесе басқаша айтқанда олардың мүліктік режимі жаңа заңда елеулі өзгеріске ұшырады. Бұрынғы заңдарда тек бір ғана режим қарастырылған еді. Жаңа Заңда ерлі-зайыптылардың заңды мүліктік режимі де, ерлі-зайыптылар мүлкінің неке шартымен бекітілген шарттық режимі де көзделінеді.

Дегенмен, некеге тіркеу кезінде неке шарты жиі қолданылып жүрсе де, көп жағдайда ерлі-зайыптылар мүлкінің заңды режимі - олардың ортақ бірлескен меншік режимі қолданылады [2, 37 б].

Бұған дейін де айтылғанындай, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 2-бабы ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқығының тең болу принциптерін айқындайды. Осы ортақ принциптің пайда болуына ерлі-зайыптылардың некелескеннен кейінгі бірге тұрған ғұмырында жинаған мүлікке тең құқылығы ықпал етеді. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 32-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкі олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Ерлі-зайыптылар мұндай меншікке тең құқықпен билік етеді және пайдалана алады. Нақты өмірде белгілі бір заттарды өйелі тұрақты пайдаланса, екінші бір затты — ері тұтынады, үшінші бір затты олардың екеуі де пайдаланады. Бірақ сырт көзге олардың ортақ мүлкіне жататын заттардың барлығы да ерлі-зайыптылардың екеуіне де бірдей болып саналады.

Заңда ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүліктерінің жалпы тізімі берілген. Бұған ерлі-зайыптылардың табыстары (жалақысы, зейнет ақысы, материалдық көмек, кәсіпкерлік қызметтен тапқан табыстары, т. б.), осы табыстардың негізінде жиналған мүліктер (ортақ мүлік, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі) және т.б. жатады.

Жалпы тәртіп бойынша ерлі-зайыптылардың құқықтық жағынан тең болуы олардың қайсысы қандай затты иемденуге, ол заттың қандай мақсатқа арналғанына және кімнің атына жазылғанына байланысты емес.

Ерлі-зайыптылардың құқықтық жағынан тең болуына олардың отбасы табысының жалпы сомасына қаншалықты үлес қосқаны да әсер ете алмайды. Кодекс (32-бап, 3-тармақ) ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке құқығы некеде тұрған кезеңде үй шаруашылығын жүргізуді, балаларды бағып-күтуді жүзеге асырған, немесе басқа да дәлелді себептермен жеке кірісі болмаған жұбайға да тиесілі екендігін арнайы ескертеді.

Бірге тұрған кезде жинаған ортақ мүліктен басқа, ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі жеке мүлкі болады және оған өздері дара билік етеді. Мұндай жеке дара мүліктерге ері мен әйелінің некеге тұрғанға дейінгі немесе ерлі-зайыптылардың некеге отырғаннан соңғы жеке міндеттемелері бойынша алған заттары, ері мен әйелінің сый ретінде алған, немесе мұрагерлік жолы мен иемденген заттары, жеке пайдаланатын заттары (сырт киім, аяқ киім, т. б.) ерлі-зайыптылардың некеге тұру кезінде ортақ қаржысына сатып алынған болса да қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, басқасының бәрі жатады. Мысалы, әйелінің құндыз мانتосы, ерінің алтын сағаты т. б. ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып саналады.

Некенің іс жүзінде токтатылуына байланысты бөлек тұрған кезде ерлі-зайыптылардың әрқайсысы тағы да мүлікті сот олардың әрқайсысының меншігі деп тануы мүмкін «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 34-бабы).

Жалпы ортақ меншік болып табылатын мүлікке ерлі-зайыптылар өзара келісім бойынша иелік ете алады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы жалпы мүлікке байланысты өз бетінше келісім жасай алады. Бқл жерде жаңа Заңның талап етуі бойынша басқа жұбайдың келісімін алуы қажет. Ортақ мүлікке байланысты нотариалды рәсімдеуді талап ететін мәміле жасау үшін (мәселен, тұрғын үйді сату кезінде) екінші жұбайдың жазбаша келісімі қажет.

Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы некені тоқтатқан сәтте де, сондай-ақ некеде тұрған кезінде де жалпы ортақ мүлікті бөлісуді талап етуге құқылы. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөліске салғанда олардың үлестері тең болуы тиіс. Жоғарыда көрсетілгеніндей, отбасының жалпы табысына ерлі-зайыптылардың әрқайсысының қосқан үлесінің көлемі жалпы ереже бойынша ескерілмейді. Сонымен бірге жекелеген жағдайларда сотқа кәмелетке толмаған

балалардың мүдделерін немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін ескере отырып ерлі - зайыптылардың үлестерінің теңдігі негізін ескермеу құқығы берілген «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 37-бабы).

Ерлі-зайыптылардың талап етуінен басқа ортақ мүлікті бөлу несие беруші ерлі-зайыптылардың біреуінің үлесінен өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы кредит берушінің талабын мәлімдеуі жағдайында да жүргізілуі мүмкін.

Ортақ мүлікті белген кезде ерлі-зайыптылардың әрқайсысына қандай заттың берілетінін сот айқындауы керек.

Егер ерлі-зайыптылардың біріне берілетін зат құны жағынан оның үлесінен артып кетіп жатса, онда екіншісіне бұл үшін тиісті өтемақы төленеді.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» Кодекстің 147-бабында көрсетілген ерлі-зайыптылардың бір-бірін асырап бағу жөніндегі міндеттеріне сәйкес олар бір-біріне материалдық қолдау көрсетуге міндетті. Ерлі-зайыптылардың бірі ұндай қолдау көрсетуден бас тартқан жағдайда еңбекке жарамсыз жұбайының сондай-ақ жүкті кезінде және бала туғаннан бастап үш жыл бойы әйелінің алиментті сот арқылы алуға құқы бар, бұл үшін жұбайының қолдау көрсетуге қаражаты болуға тиіс. [4,137 б].

Алимент алушы жұбайдың еңбекке жарамсыздығы зейнетақы жөніндегі заңдарға сәйкес анықталады. Бұл заң бойынша мүгедектердің барлық үш тобы да (I, II, III), сондай-ақ зейнет жасына жеткен азаматтар еңбекке жарамсыз деп танылады. Бұл адамдар зейнетақы алатын, алмайтындығына қарамастан еңбекке жарамсыз деп танылады.

Алимент алуды талап етудің екінші шарты — мұқтаждық яғни бұл дегеніміз еңбекке жарамсыз жұбайдың өмір сүруге жетерлік қаражатының болмауы деген сөз.

Бұрынғы заң бойынша, еңбекке жарамды болғанмен де мұқтаждық көріп отырған жұбайдың басқа жұбайдан алимент алуға құқы болмаған. Жаңа заңда мұқтаждық көріп отырған жұбайының (еңбекке жарамды болса да) мүгедек ортақ баланы бағып күткені үшін жұбайынан алимент алу мүмкіндігі қарастырылған.

Материалдық қолдау көрсету талап етіліп отырған жұбайдың қаражат жағдайы соған лайық болуға тиіс. Егер оның қаражат жағдайы бұған сай болмаса, талап етуші

жұбайының еңбекке жарамсыздығы мен мұқтаждығы дәлелді болғанына қарамастан, ол одан материалдық көмек ала алмайды. Алдыңғысының материалдық қолдауы оның қолда бар мүлкі, табысы, отбасылық жағдайы есепке алына отырып әрбір нақты жағдайға орай белгіленіп отырады.

Алимент алушы жұбайдың материалдық жағдайы да дәл осылайша анықталуы керек, өйткені, алынатын көмектің мөлшері де материалдық және отбасылық жағдайларға байланысты болмақ. Оның мөлшері алиментті төлеу кезінде белгіленген айлық есептік көрсеткіштің еселік қатынасымен бекітіледі.

Неке-отбасы құқықтарын қорғауды азаматтық сот ісін жүргізу ережелері бойынша — сот, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар немесе қорғаншы және қамқоршы органдар осы Кодекстің тиісті баптарында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

1. Талап-арыздың ескіруі неке-отбасы қатынастарынан туындайтын талаптарға қолданылмайды, бұған бұзылған құқықты қорғауға арналған мерзім осы Заңмен белгіленген жағдайлар қосылмайды.

2. Талап-арыздың ескіруін белгілейтін нормаларды қолдану кезінде сот Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 177, 179, 180, 182-185-баптарының ережелерін басшылыққа алады.

Некеге тұру үшін некеге тұрушы еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі қажет.

Неке осы Кодекстің 11-бабында аталған мән-жайлар болған жағдайда қиылмайды.

Неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді.

Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін.

Неке жасын төмендету туралы өтінішті некеге тұруға тілек білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғаншылары (қамқоршылары) белгіленген неке жасын төмендету қажеттігін туғызатын себептерді көрсете отырып қозғай алады.

Барлық жағдайларда неке жасын төмендетуге тек некеге тұрушылардың келісімімен ғана жол беріледі.

Неке жасына толмаған адамдар арасындағы некеге ата-аналарының не қорғаншыларының келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Некеге тұруға тілек білдіруші адамдарға медициналық, сондай-ақ медициналық-генети-



калық мәселелер және репродукциялық денсаулық қорғау мәселелері бойынша консультация беру мен тексеруді мамандандырылған денсаулық сақтау мекемелері және некеге тұратын адамдардың екеуінің келісімімен ғана жүргізеді.

Некеге тұратын адамдарды тексерудің нәтижелері медициналық құпия болып табылады және ол некеге тұруға ниеттенген адамға тексеруден өткен адамның келісімімен ғана хабарлануы мүмкін.

Некеге тұратын адамдардың тікелей қатысуымен неке мемлекеттік азаматтық хал актілерін жазу органдарында қиылады.

Некеге тұруға ниет білдірген адамдардың біреуі азаматтық хал актілерін жазу органына келе алмайтын ерекше жағдайларда неке мұндай адамның тұратын жері бойынша қиылуы мүмкін.

Неке қию кезінде өкіл жіберуге жол берілмейді.

Некені қию некеге тұруға тілек білдірушілер азаматтық хал актілерін жазу органына арыз берген күннен бастап бір ай мерзім өткен соң жүргізіледі.

Дәлелді себептер болған жағдайда неке қиюды мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы бір өткенге дейін неке қиюға, сондай-ақ осы мерзімді ұзартуға, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуға рұқсат етуі мүмкін[4].

Ерекше мән-жайлар болған кезде (жүктілік, бала тууы, бір тараптың өміріне тікелей қауіп төнуі және басқа да ерекше мән-жайлар) неке өтініш берілген күні қиылуы мүмкін.

Неке қиюды мемлекеттік тіркеу азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарының некені тіркеуден бас тартуына некеге тұруға тілек білдіруші адамдар не олардың біреуі сотқа шағым жасай алады.

Жұбайының (зайыбының) қайтыс болуы және оны өлді немесе олардың біреуі хабар-ошарсыз кеткен деп жариялау салдарынан некені тоқтатылуы

Неке ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы немесе сот оны елді немесе хабар-ошарсыз кеткен деп жариялау салдарынан тоқтатылады.

Сот қайтыс болды деп жарияланған немесе сот хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жұбайы келген және тиісті сот шешімі күшін жойған жағдайда некені ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы қалпына келтіруі мүмкін.

Егер жұбайлардың екіншісі жаңа некеге отырса, некені қалпына келтіруге болмайды.

Егер неке қию кезінде тараптарға (немесе тараптардың біреуіне) қайтыс болды немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылған жұбайы тірі екені белгілі болса, бұл ереже қолданылмайды.

Сонымен қорыта келе мынадай ұсыныстар жасауға тура келеді: неке – отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындататын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты – неке деп түсінуіміз қажет. Егер неке тіркелмесе де, бірақ еркек пен әйел бірге тұрып, балаларын тәрбиелеумен айналысып жатса, мұны да отбасы деп айтуға болады (қараңыз азаматтық неке). Егер кәмелетке толған балалары ата – анасымен бірге тұрып, оларға қамқорлық жасап, материалдық көмек көрсетсе – бұл да отбасы. Егер кәмелетке толған ағалары мен қарындастары атаанасыз бірге тұрып, бір – біріне қамқорлық жасайтын болса – бұл да отбасы. Адамдар арасында некеден, туыстықтан, бала асырап алудан, отбасына тәрбиелеу үшін бала алудан туындайтын қатынастар отбасылық қатынастар деп аталады. Бірақ отбасындағы қатынастардың бәрі бірдей құқық жөнімен реттеле бермейді. Отбасындағы қатынастар, негізінен, адамгершілік, ізгілік - өнегелік нормалары негізінде реттеледі. Бұл өзара құрмет, сүйіспеншілік, қамқорлық және имандылық қолдаудың көрінісі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (өтініш берген күні: 01.12.2019)

2 Байжанов Н. Неке және отбасы [Текст] : ғылыми басылым / Н. Байжанов . - Алматы : Жеті жарғы, 1997. - 55 б.

3 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі ( Ерекше бөлім) 01.07.1999 ж. (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K9900000409> (өтініш берген күні: 01.12.2019)

4 Ынтымақов С.А. Отбасы құқығы [Текст] : практикум / С. А. Ынтымақов, Т. Д. Карпушина. - Алматы : Заң әдебиеті, 2004. - 131 б.

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕР ҚҰҚЫҒЫ  
ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ И ЗЕМЕЛЬНОЕ ПРАВО  
ENVIRONMENTAL AND LAND LAW**

УДК: 349.6.086  
МРНТИ: 10.53.65

*М.Р.Рахмания<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының  
7М04201-құқықтану мамандығының 1-курс магистранты (Алматы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Н.Б.Калкаева*

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к.*

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ТҮСІНІГІ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктің түсінігі және оның түрлері қарастырылған. Сондай-ақ, экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі заң ғылымдарының аясында жан-жақты зерттеуді қажет ететіндігін, өйткені бұл келешекте қабылданатын жаңа заңдардың, қолданыстағы заңнамаларға өзгертулер мен толықтырулар енгізудің талаптарымен де тығыз байланысты мәселе болып табылатындығын зерттеп көрсетеді.

**Түйін сөздер:** экология, құқық бұзушылық, экологиялық құқық.

*М.Р. Рахмания<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>магистрантка 1-курса специальности 7М04201- юриспруденция Института истории и права  
КазНПУ имени Абая (Алматы, Казахстан)*

*Научный руководитель: Н.Б. Калкаева*

*к.ю.н., ассоциированный профессор кафедры Юриспруденции Института истории и права  
КазНПУ имени Абая*

**ПОНЯТИЕ И ВИДЫ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ЗА НАРУШЕНИЕ  
ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА**

*Аннотация*

В статье рассмотрены понятие и виды ответственности за нарушение экологического законодательства. Вместе с тем, вопрос ответственности за нарушение экологического законодательства требует всестороннего изучения в сфере юридической науки, поскольку это является проблемой, тесно связанной с требованиями новых законов, изменений и дополнений в действующее законодательство, которые будут приняты в будущем.

**Ключевые слова:** экология, правонарушения, экологическое право

M.R. Rakhmaniya<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Master of the 1st year of the specialty 7M042010- jurisprudence of the Institute of History and Law of the Abai KazNPU (Almaty, Kazakhstan)

Research supervisor: N. B. Kalkayeva

PhD in Law, the associated professor of Chair of jurisprudence of Institute of history and right of Abai KazNPU.

## CONCEPT AND TYPES OF LIABILITY FOR VIOLATION OF ENVIRONMENTAL LEGISLATION

### Abstract

The article considers the concept and types of liability for violation of environmental legislation. However, the issue of liability for violations of environmental legislation requires comprehensive study in the field of legal science, as this is a problem closely related to the requirements of new laws, amendments and additions to existing legislation, which will be adopted in the future.

**Keywords:** ecology, offences, environmental law.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 9-бөліміндегі 46-тарауында «Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік және экологиялық дауларды шешу» деп аталады[1]. Шын мәнінде экологиялық жауапкершілікке Қазақстан Республикасының табиғатын және оның құрамдас бөлігі болып табылатын табиғи ресурстар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктер жатады. Экологиялық (табиғат қорғау) заңды орындамағаны үшін кінәлілер экологиялық құқық бұзудың түріне байланысты жауапкершілікке тартылады. Экологиялық құқық бұзушылық - бұл табиғат қорғау заңын бұзу және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянын тигізетін құқыққа қарсы іс. Тұлғаның экологиялық заңдарға қайшы келетін әрекеттері экологиялық құқық бұзудың белгілері болып табылады. Қоршаған ортаға тигізген зардап деп, қоршаған ортаның сапасына жағымсыз өзгерту алып келген әсерлердің жиынтығын айтады. Зардаптың екі түрлі формасын ажыратады: залал (табиғи ортаның, ресурстардың, сандық немесе сапалық кемуі, яғни, экологиялық залал);шығын (табиғат пайдаланушы үшін экономикалық тиімсіз салдарлар).Экологиялық құқық бұзғандар әкімшілік, азаматтық-құқықтық, дисциплинарлық, материалдық (мүліктік), қылмыстық жазаларға тартылады [2,305].

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін заңдық жауапкершіліктің бастамасы экологиялық заңдардың талабын бұзушылық болып саналады.

Экологиялық заңдарын бұзу-белгіленген экологиялық тәртіпті бұзатын және табиғи

ортаға және оның ресурстарына зиян келтіретін заңға қайшы келетін кінәлі субъектінің әрекет немесе әрекетсіздігі.

Экологиялық тәртіп-адамның өз өмірі мен денсаулығы үшін табиғи ортаның қолайлы болуына құқығын қамтамасыз етудің, қазіргі және болашақ ұрпақтың мүдделері үшін қоршаған ортаны қорғаудың адам қызметінің осы ортаға зиянды ықпал жасауына жол бермеудің, табиғи тепе-теңдіктің сақтау мен табиғатты ұтымды пайдаланудың ережелері мен негізгі түпкі бағдарламаларының жүйесі.

Табиғи ортаға және оның ресурстарына зиян келтіру дегеніміз экологиялық тәртіпті бұзу салдарынан табиғатқа, табиғи ресурстарға, адамның денсаулығы мен өміріне келген немесе келуі мүмкін болатын экологиялық қауіптің салдары.

Экологиялық тәртіпті бұзу мен табиғи ортаға және табиғат ресурстарын және адам денсаулығы мен өміріне зиян келтіру тығыз байланысты. Себебі экологиялық тәртіп бұзылған жағдайда, оның табиғатқа, табиғи ресурстарға, адам денсаулығы мен өміріне кері әсері болады. Оның бірінші түрі: табиғи техногендік және төтенше табиғи оқиғалардан экологиялық жағдайдың нашарлануы мүмкін. Бір адамның және қоғамның экологиялық қызметінде олардың алдын-ала зиян әсерлерін болдырмау, жеңілдету шараларын қолдану міндеті қойылған жағдайларда және антропогендік әсерлердің пайда болуы заңдық жауапкершілік туғызады. Соған орай алдын алу шараларын қолданбаған кінәлі адамдардың жауапкершілікке тартылуы заңның талабынан туындайды.

Екінші түрі: табиғатқа, табиғи ресурстарға экологиялық мониторингі жүргізу талаптары, табиғи ресурстарды пайдалану кезінде талаптарды, жобалауға қойылатын экологиялық және өзге де талаптар мен нормативтердің орындалмауы салдарынан экологиялық тәртіп бұзылып, табиғатқа, табиғи ресурстарға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Сондықтан табиғатқа және табиғи ресурстарға келетін теріс әсерлердің салдарына табиғи қорлардың сарқылуы, бұзылуы, табиғаттан алынатын табыстардың азаюы немесе болмай қалуы табиғатты қалпына келтіру шығындары, атмосфералық ауаның табиғи ортаның адам өмірі мен денсаулығына қолайлы болмай зиян келуі жатады.

Экологиялық заңдардың міндеттеріне осы аталған зиянның топтастырылуын көрсету яғни заң бұзушылықтардың жүйесін белгілеу жатады.

Әрбір жеке құқық саласында заң бұзушылық болуы мүмкін болса, ол әр бір заңдық жауапкершілікті сол заңның өзі атап беруі осы заңның міндеті болуы қажет. Мұның экологиялық қатынастар саласында жеке заңдылықты сақтау үшін өте қажетті мәні бар. Осыны еске алып, Қазақстан Республикасының Орман кодексі орман заңдарын бұзғандық үшін жауаптылықтың (75-бап), су кодексі су заңдарын бұзғаны үшін жауаптылықтың (120-бап) пайда болу негіздерін көрсетіп берді. Заңның мұндай нормалары жоғарыда аталғанындай экологиялық тәртіпті, экологиялық қатынастарда заңдылықты сақтауға және осы салада заңды жауапкершіліктің құқық негіздерінің жариялығын және ол туралы ақпараттың болуына саяды. Осы талаптарға ҚР 2007 жылы 9 қаңтарда қабылдаған Экологиялық кодексі сай келеді. Оның 45-67 баптарында экологиялық сараптама саласындағы Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдарын бұзушылықтың түрлерін атап көрсеткен. Олардың жалпы саны 12 және экологиялық заңды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында басқа да заң бұзушылықтар қаралуы мүмкін деп ескертілген.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану туралы заң нормаларының бір-бірімен тығыз байланыста болатынын ескерсек экологиялық заң бұзушылық пен экологиялық заңдық

жауапкершіліктің де бір-бірімен тығыз байланыста болатынын байқауға болады. Өйткені экологиялық жауапкершіліктің арқауы – экологиялық заң бұзушылық болып табылады.

Экологиялық заңды бұзу екіге бөлінеді. Біріншісі – тәртіпсіздік, екіншісі – қылмыс. Тәртіпсіздік-жеңіл тәртіп бұзушылыққа жатса, қылмыс ауыр тәртіп бұзушылыққа жатады-оны қылмыс деп атайды.

Жеңіл тәртіп бұзушылық үшін еңбек заңында-тәртіптік жаза қолданатын, материалдық шығынға тәртіп бұзушылық үшін материалдық немесе азаматтық құқық нормалары қолданылатын, экологиялық құқық нормаларын жеңіл бұзылатын түрлеріне әкімшілік құқық нормалары қолданылатын тәртіп бұзушылық экологиялық немесе азаматтық құқық нормаларын бұзушылық тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықпен қатар пайда болуы мүмкін.

Экологиялық немесе экологиялық салалық жауапкершілік осы заңдардың нормаларынан пайда болатын және осы заң салалары нормаларында қаралған ерекше жазалау шаралары қаралған жағдайда қолданылады.

Экологиялық құқық бұзушылық төрт түрлі құрамнан тұрады. Біріншісі – объект, екіншісі – субъект, үшіншісі – объективтік тарап, төртіншісі – субъективтік тарап.

Экологиялық заң бұзушылықтың объектісі – экологиялық нормалармен реттелген және реттелетін қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі қоғамдық қатынастар. Бұл объекті екіге бөлінеді. Жалпы экологиялық объектіге – табиғат немесе қоршаған ортаны қорғау туралы қатынастар. Салалық экологиялық объектілерге жер, су, орман, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, атмосфералық ауа, жер қойнауы, пайдалы қазбалар, ерекше қорғалатын табиғи объектілер, континентальдық шельф туралы пайда болатын және экологиялық заңдармен реттелген және реттелетін қатынастар жатады. Олардың ішінде құқықтық реттелуге қарай табиғи ресурстарға мемлекеттік және жеке меншік құқығы, табиғатты пайдаланушылардың құқығын қорғау, климат пен озон қабатын қорғау жөніндегі қатынастар өз алдына экологиялық заң бұзушылықтың объектісі бола алады.

ҚР Экологиялық кодексінің 1-бабында қоршаған ортаны қорғау объектілеріне жер, оның қойнауы, су, атмосфералық ауа, орман мен өсімдіктер, жануарлар дүниесі, табиғи эко-

логиялық жүйелер, климат және жердің озонды қабаты, экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды қоршаған орта объектілері аталған. Бұл тұжырымның бір жақты екенін оқулықтың бастапқы жағынан атағанбыз. Себебі экологиялық құқықтық қатынастар табиғатты және оның ажырамас бір бөлігі табиғи ресурстарды қорғау жөнінде ғана емес оны пайдалану және табиғи ресурстардың өсімін, өнімін молайту және қорғау, және пайдалану, экологиялық апат және ахуал жөнінде де құқықтық қатынастар пайда болады. Экологиялық заңдарда реттелген және реттелетін осы қатынастар ішінде заң бұзушылық қатынастар олардың құрамдас бөлігі болып саналады.

Экологиялық заң бұзушылықтың субъектісін екіге бөліп қарау дұрыс болады. Себебі тұлғалар табиғатты және табиғи ресурстарды пайдаланушы тұлғалар мен табиғи ресурстарды заң жүзінде пайдаланушыларға жатпайтын тұлғаларға бөлінеді.

Табиғат пен табиғи ресурстарды пайдаланушыларға экологиялық заңның 12-бабында қаралған тұлғалар және осы заңның 13-бабында аталған табиғатты жалпы пайдаланушылар жатады. Табиғатты пайдаланбайтындарға басқа тұлғалар жатады.

Аталған 12-бапта көрсетілген субъектілердің ішінде ұлттық және шетелдік табиғат пайдаланушылар, шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар бар. Экологиялық құқық бұзушылардың субъективтік мәртебесі заң бұзушылықтың жауапкершіліктің түрлеріне және олардың жасына байланысты болады. Заң бұзушы субъектілердің жауапкершілік жасы еңбек, азаматтық, әкімшілік және қылмыстық заңдардың нормаларымен белгіленеді. Мысалы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 72-бабына сәйкес құқық бұзушылық жасаған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегіз жасқа толмаған адамдар кәмелетке толмағандар да танылады. Оларға әкімшілік жаза тағайындалуы мүмкін не оларға тәрбиелік ықпал

етудің мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін [3,8].

Сонымен бірге осы Кодекстің 73, 74-баптарында кәмелетке толғандарға әкімшілік жазалар қолданудың ерекшеліктері көрсетілген. ҚР-сы Қылмыстық кодексінің 15-бабына сәйкес қылмыс жасаған кезде он алты жасқа толған адам қылмыстық жауапқа тартылады. Ал қылмыс жасаған кезде он төрт жасқа толған адамдар осы Кодекстің 2 бөлігінде көрсетілген қылмыстар үшін қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін. ҚР Қылмыстық кодексінің 13 тарауында көрсетілген экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде кәмелетке толмаған азаматтардың жауапкершілігі қаралмаған[4].

ҚР Еңбек Кодексінің 25-бабында еңбек шартын, оның ішінде кәмелетке толмағандармен еңбек шарттарын жасаудың, 160-бабында шарт жасаушылардың материалдық жауапкершілікті қолдану туралы ережелері бар.

Экологиялық заң бұзушылықтың объективтік тарапы өзінің үш құрылымы (элементтері) мен ерекшеліктері:

Бірінші: құқық бұзушының қимылының заңға қайшылығы;

екінші: экологиялық зиян келтірген немесе зиян келтіру қаупі бар немесе экология құқығы субъектілерінің басқа да заңды құқықтары мен мүдделерін бұзушылық;

үшінші: құқыққа қарсы іс-әрекет және экологиялық зиян келтіру немесе ондай зиянның келуіне нақты қауіптің немесе экология құқығы объектілерінің басқа да заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы арасында байланысты болуы.

Экологиялық заң бұзушылықтың субъективтік тарапы заң бұзушының кінәсімен сипатталады. Ол әрекет, әрекетсіздік қасақана және абайсыздық нысандарында болуы мүмкін.

Сонымен экологиялық заңдық жауапкершіліктің түрлеріне тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық, материалдық (азаматтық) және экологиялық салалық ерекше жауапкершіліктері жатады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 // <http://adilet.zan.kz> (өтініш берген күні: 01.12.2019)

2 Әбдірайымов Б. Экологиялық зиян: сипаттамасы, денсаулыққа әсері, сот арқылы өтелуі [Текст] : законы и законодательные акты / Б. Әбдірайымов. - Алматы : Юрист, 2001. - 86 с.

3 Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРПЗ// <http://adilet.zan.kz> (өтініш берген күні: 01.12.2019)

4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚР Заңы. URL <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z236> (өтініш берген күні: 01.12.2019).

УДК:349.41  
МРНТИ:10.55.01

*Т.Қәдірбек<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Құқықтану кафедрасының  
7М04201-құқықтану мамандығының 1-курс магистранты (Алматы, Қазақстан)*

*Ғылыми жетекшісі: Б.Б.Досжанов*

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты,  
Құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к.*

## **МЕМЛЕКЕТ ҚАЖЕТТІЛІГІ ҮШІН ЖЕРДІ ҚАЙТАРЫП АЛУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ**

*Аңдатпа*

Жер учаскесін алу құқықтың азаматтық, жер және басқа салаларының нормаларымен реттелетін кешенді құқықтық институт болып табылады. Мемлекеттік мұқтаждар-халықаралық міндеттемелерді орындауға, мемлекеттік маңызы бар объектілерді орналастыруға және қолданылып жүрген заңдарда белгіленген өзге де мән-жайларға байланысты қоғамның әлеуметтік маңызы бар мүдделері мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында жер учаскесін пайдалануға Қазақстан Республикасының объективті туындаған қажеттілігі. Бұл жұмыстың мақсаты жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты теориялық және практикалық мәселелерді талдау, оларды шешу жолдарын анықтау, сондай-ақ заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

**Түйін сөздер:** құқық, заң, жер құқығы, заңнама, жер учаскесі, жер, жер учаскесін алып қою, мемлекет мұқтажы.

*Т.Кадирбек<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>магистрантка 1-курса специальности 7М04201- юриспруденция  
Института истории и права КазНПУ имени Абая (Алматы, Казахстан)*

*Научный руководитель: Б.Б.Досжанов*

*к.ю.н., ст.преподаватель кафедры Юриспруденции Института истории и права  
КазНПУ имени Абая*

## **ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИЗЪЯТИЯ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ДЛЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ НУЖД**

*Аннотация*

Изъятие земельного участка является комплексным правовым институтом, регулируемым нормами гражданского, земельного и других отраслей права. Государственные нужды - объективно возникшая необходимость Республике Казахстан в использовании земельного участка с целью обеспечения социально-значимых интересов и потребностей общества в целом, в связи с исполнением международных обязательств, размещением объектов государственного значения и иными обстоятельствами, установленными действующим законодательством. Целью данной работы является анализ теоретических и практических проблем, связанных с изъятием земельного участка для государственных нужд, определение путей их решения, а также, разработка предложений по совершенствованию законодательства.

**Ключевые слова:** право, закон, земельное право, законодательство, земельный участок, земля, изъятие земельного участка, государственные нужды.

T.Kadirbek<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Master of the 1st year of the specialty 7M042010- jurisprudence of the Institute of History and Law of the Abai KazNPU (Almaty, Kazakhstan)

Research supervisor: B.B. Doszhanov

PhD in Law of Chair of jurisprudence of Institute of history and right of Abai KazNPU

## LEGAL REGULATION OF SEIZURE OF LAND FOR STATE NEEDS

### Abstract

Seizure of land is a complex legal institution regulated by the norms of civil, land and other branches of law. State needs-objectively arisen need of the Republic of Kazakhstan in the use of land for the purpose of ensuring socially significant interests and needs of society as a whole, in connection with the fulfillment of international obligations, placement of objects of state importance and other circumstances established by the current legislation. The purpose of this work is to analyze the theoretical and practical problems associated with the seizure of land for state needs, to determine ways to solve them, as well as to develop proposals for improving the legislation.

**Keywords:** law, law, land law, legislation, land plot, land, seizure of land plot, state needs.

Жұмыстың өзектілігі жер учаскесін алып қою институты жер құқығы ғылымында жеткілікті дәрежеде зерттелмеген тың мәселелердің бірі болып табылады. Ол заң жүзінде жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін ғана алып қоюдың жүзеге асырылып келгендігімен түсіндіріледі.

Жер учаскесіне меншік құқығының, жер пайдалану құқығының және өзге де құқықтардың тоқтатылуы деп аталды және жерді алып қою жер учаскесіне заттық құқықтардың тоқтатылуына негіз ретінде қарастырылды. Меншік құқығының тоқтатылуы оның пайда болуы сияқты заңдарда көрсетілген белгілі бір заңи фактілердің туындауы негізінде жүзеге асырылады. Кез келген алып қою мәжбүрлеу сипатында болды, яғни жер учаскесі иесінің еркінен тыс жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда жер учаскесі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары өте әлсіз келеді және құқықтық тұрғыдан қорғалмайды. Сол себепті жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін алып қойған кезде, жер учаскесі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін қарастыру керек. Онда жерді алып қоюдың тәртібі мен жағдайлары нақты көрсетілуі тиіс.

Жұмыстың басты мақсаты мемлекет қажеттілігі үшін жерді қайтарып алу институтының құқықтық мәнін, мазмұнын және де маңызын құқықтық-теориялық тұрғыдан кең әрі кешенді түрде ашып көрсету болып табылады.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей біздер төмендегідей міндеті мемлекет қажеттілігі үшін жерді қайтарып алудың ерекшеліктерін қарастыру болды.

Жұмыстың әдістемелік негізін жалпы ғылыми диалектикалық танымдық әдістерімен қатар, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістерді құрайды.

Жер учаскесін алып қою жер заңдарында көрсетілген реттерде ғана жүзеге асырылады. Оның ауқымын өзге заңдармен кеңейтуге жол берілмейді. Жер учаскесі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын қорғаудың бірден-бір кепілі де осы.

Сонымен, жер учаскесінің меншік иесі мен жер пайдаланушылардан жер учаскесін алып қоюға мынадай негіздерден өзге реттерде жол берілмейді.

- Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының міндеттемелері бойынша жер учаскесінен немесе жер пайдалану құқығынан өндіріп алу жүргізілген;
- Жеке меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан жер учаскесі мемлекеттік мұқтаждықтар үшін сатып алуды қоса алғанда, алып қойылған;
- Мақсатына сай пайдаланылмай отырған немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып, пайдаланылып жүрген жер учаскесі меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қойылған;
- Радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскесін, құны тең жер учаскесі беріле отырып, меншік иесінен немесе жер пайдаланушыдан алып қойған;

• Тәркіленген реттен басқа жағдайларда жол берілмейді.

Сол себепті алдымен жер учаскесін алып қоюдың не екендігін, оның ұғымын анықтап алуымыз қажет. Заң әдебиеттерінде жер учаскесін алып қою институтына анықтама өте көп берілген. И.Приходько алып қоюды – жер пайдалану және жер иелену құқықтарының тоқтатылуының бір түрі ретінде түсіндіреді [1, 175б.]. Мұндай пікірмен В.В. Петров та қосылады. Оның пайымдауынша, алып қою – жер пайдалану құқығын тоқтатуға негізделген өкілетті мемлекеттік органның әкімшілік актісі [2, 194б.]. Ал, А. Рябов жер учаскесін алып қоюды жауапкершіліктің арнайы шаралары ретінде түсіндіреді [3, 40б.]. Жоғарыда айтылған көзқарастармен қосыла келе, С.Т. Абдильбеков алып қою институты жауапкершілік шаралары ретінде ғана емес, сонымен қатар, өзге де мемлекет үшін қажет жағдайларда да қолданылады деген пікір білдіреді [4, 125б.]. Бұндай ойлармен бізде қосыламыз. Себебі жер учаскесін алып қою жер заңдарының нормалары бұзылмаған жағдайларда да жүзеге асырылуы мүмкін.

Алып қоюды жүзеге асырылу мақсатына сәйкес мынадай топтарға жіктеуге болады:

Біріншіден, алып қою жауапкершілік шарасы ретінде қолданылады (жер заңдарының талаптарын бұзғаны үшін жер учаскесін алып қою, борышқордың міндеттемелері бойынша жер учаскесінен өндіріп алу және тәркілеу).

Екіншіден, алып қою жауапкершілік мақсатын көздемейді, мемлекеттік мұқтажды қанағаттандыру үшін қажетті акт болып табылады.

Олай болса, жерді алып қою - өкілетті мемлекеттік органның қандай да бір субъектінің жерге меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын тоқтатуға бағытталған белгілі бір әрекеті. Жер учаскесін алу кезінде заңмен көзделген қағидалардың сақталуы жер учаскесі меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарының қорғалуына кепілдік береді.

Жер учаскесін алу кезінде қатаң сақталатын жер заңдарында көзделген арнайы қағидаларға тоқталайық. Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың мүлктік құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған жерге деген құқықтардың тұрақтылығы деген қағидасы. Бұл қағида жерді пайдалануға, жердің сапасын жақсарту мен арттыру үшін қосымша қаражат

жұмсауға, жер пайдалану құқығының мерзімін ұзартуға ықпал етеді. Бұл қағида меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын тоқтату кезінде қолданылмайды.

Жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету қағидасы [5]. Бұл қағида жер құқығында барлық қағидалардан жоғары тұрады. Оның маңыздылығын жер заңдарының басты мақсаты «жерді тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету» екендігінен байқауға болады. Жерді тиімді пайдалану дегеніміз – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде жоғары жетістіктерге жету мақсатында жерді ғылыми негізді, жоспарлы түрде пайдалану, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің басымдығы мен жердің өзге де объектілермен байланысын ескере отырып орналастыру. Жерді тиімді пайдалану мақсаты екі мәнге ие: біріншіден, жердің өнімділігін ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету, және екіншіден, ауыл шаруашылығы алқаптарының көлемінің азаюына барынша жол бермеу.

Ұсынып отырған тағы бір маңызды қағидалардың бірі – «жеке меншіктегі жерлердің нысаналы мақсатын өзгертуге жол бермеу» қағидасы. Жеке меншіктегі жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту әдетте, мемлекет мүддесі үшін емес, жекелеген тұлғалардың коммерциялық мүддесі үшін жүзеге асырылады. Қазіргі кезде жеке тұлғалардың қала маңындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді гектарлап сатып алып, оның нысаналы мақсатын елді мекеннің жерлері санатына өзгерте отырып, бірнеше жер телімдеріне бөліп, нарықтық бағамен сата отырып, мемлекеттің жерге орналастыру, яғни жер бөлу функциясын иелену осындай қағидалардың болмауынан деп ойлаймыз. Мұндай жағдайда мемлекетке келтірілген шығындар мен жер учаскесіне мұқтаж азаматтардың құқықтарына келтірілген құқсандар толығымен өтелуі тиіс немесе ол жерлер мемлекет мұқтаждықтары үшін алынып, кезекте тұрған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға қайта бөлінуі қажет.

Жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін алып қоюмен байланысты құқықтық қатынастардың негізгі субъектілері жер учаскесін алып қоюды жүзеге асыратын мемлекеттік орган мен жер учаскесі алынып қойылатын тұлға, яғни жер учаскесінің меншік иесі танылады. Жер учаскесін алып қоюды



жүзеге асыратын субъектілерді былайша ажыратуға болады:

- әкімшілік тәртіп арқылы жер учаскесін алып қою – ол атқарушы биліктің әр түрлі деңгейіндегі мемлекеттік органдармен, яғни солардың шешімімен және қатысуымен жүзеге асырылатын алып қою. Мұнда меншік иесі мен жер пайдаланушыдан жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін алып қою және радиоактивті ластануға ұшыраған жерлерді алып қою жатады;

- жер учаскесін сот тәртібімен алып қою – жер учаскесін алып қою тек сот тәртібімен ғана жүзеге асырылатындығын білдіреді. Жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы өзіне тиесілі жер учаскесін мақсатына сәйкес пайдаланбаса немесе заңдарды бұза отырып пайдаланса, сонымен қатар, жер учаскесі тәркіленген жағдайда, жер сот тәртібімен алынады. Жер учаскесін мемлекеттік мұқтаждықтар үшін алып қою кезінде меншік иесі ұсынылған шарттармен келіспесе, алып қою процесі сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, жер учаскесін алып қою қатынастарының субъектілік құрамы жер учаскелерін алып қою негіздеріне де тікелей байланысты болады. Әкімшілік тәртіп арқылы жер учаскесін алып қою көптеген мемлекеттік органдардың қатысуын қажет етеді. Әрине, жер учаскесін мемлекет мұқтаждықтары үшін алып қоюға байланысты шешім қабылдау құзіретті мемлекеттік биліктің әр түрлі деңгейіндегі атқарушы органдарына берілген.

Жер учаскесін алып қою құқық қатынастары жүйесіндегі келесі элемент алып қоюдың объектісі болып табылады. Объект пен субъект – жұп категориялар. Құқықтық қатынастардың объектісі болып, оның қатысушыларының субъективті құқықтары мен құқықтық міндеттері неге бағытталса, сол объект болып табылады.

Жер учаскесін мемлекет мұқтаждықтары үшін алып қоюдың негізі болып қалалардың және өзге де елді мекендердің бас жоспарлары, қала құрылысы органдары мен жерге орналастыру органдарының сызбалары мен құжаттары табылады. Тек мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға сәйкес жүзеге асырылатын алып қоюлар ғана, мемлекет мұқтаждықтары үшін жер учаскесін алып қою санатына жатады. Меншік иелері мен мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан жер учаскесін мемлекет мұқтаждықтары үшін алып қою ол жерлерді сатып алу жолымен азамттық

құқықтық тәртіп арқылы жүзеге асырылады. Егер жер пайдалану құқығы тегін берілген болса бұл ереже қолданылмайды және жер учаскесін пайдалану құқығы сатып алусыз-ақ алынып қойылады. Алайда, жер пайдаланушыға келтірілген өзге шығындар толығымен өтеледі немесе өзге жерден айырбас ретінде жер пайдалану құқығымен жер учаскесі берілуі мүмкін.

Мемлекеттік жер пайдаланушылардан жер учаскесі мемлекеттік мұқтаждар үшін құзіретті органдардың біржақты шешімінің негізінде, сатып алусыз алынып қойылады. Бірақ алып қоюмен келтірілген өзге шығындар толық көлемде өтеледі.

Жер учаскесін алып қою туралы ұсынысты дайындау кезінде:

- Жергілікті жер қатынастары және жерге орналастыру органдары меншік иесі мен жер пайдаланушының жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын куәландыратын құжаттарын, учаскенің шекарасы мен көлемін, жер учаскесі мен пайдалану құқығының нарықтық құнын анықтайды;

- Жергілікті сәулет және қала құрылысы органдары жылжымайтын мүлікті бағалау органдарымен бірге мемлекет мұқтаждары үшін сатып алынатын жер учаскесіндегі жылжымайтын мүліктің бар-жоғын, егер бар болса, оның жағдайы мен нарықтық құнын анықтайды. Жер учаскесі мен онда орналасқан жылжымайтын мүлікке зерттеу жүргізу меншік иесінің немесе жер пайдаланушының қатысуымен жүзеге асырылады және тиісті актімен рәсімделеді.

Дайындалған ұсыныстың негізінде жергілікті атқарушы орган меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін алып қою туралы шешім қабылдайды.

Шешімде мынадай мәселелер көрсетілуі тиіс:

1. алып қоюдың мақсаты;
2. алып қоюдың негізі;
3. жер учаскесінің көлемі, орналасқан жері, жағдайы, сонымен қатар, онда орналасқан жылжымайтын мүліктің бар-жоғы;
4. жер учаскесі алынып қойылатын (сатып алынатын) меншік иесі немесе жер пайдаланушы.

Жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесінің алынып қойылатындығы жөнінде, алып қою туралы шешім шығарған орагнмен

кемінде бір жыл бұрын жазбаша түрде ақпараттандырылуы тиіс, сонымен қатар, ол мемлекеттік тіркеуден өтуі қажет.

Ақпараттандырылғаннан кейін бір жыл толмай жер учаскесін мемлекет мұқтаждары үшін алып қою меншік иесінің немесе жер пайдаланушының келісімі арқылы жүзеге асырылады.

Егер жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесінің бір бөлігі алынып қойылғаннан кейін, қалған бөлігін пайдалану мүмкін болмаса, учаскенің қалған бөлігі де сатып алынады.

Мемлекет мұқтаждары үшін алынып қойылатын жер учаскесінің құны, мерзімі, сатып алудың өзге жағдайлары меншік иесі мен жер пайдаланушының келісімімен жүзеге асырылады. Шартқа жер учаскесінің жобасы тіркеледі.

Жер учаскесін мемлекеттік мұқтаждар үшін сатып алу туралы шартқа тиісті әкімшілік аумақтық бөліністің әкімі және жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы қол қойып, шарт жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу органдарында тіркеледі.

Жерлерді алып қою институты азаматтардың жерге құқықтарын сот арқылы қарау мүмкіндігінсіз тіршілік ете алмайды. Тәжірибеде мемлекеттің мұқтаждығы үшін жер учаскелерін алып қоюдың заңға сәйкестігі туралы, сондай-ақ алынатын жер учаскелері үшін өтемақы туралы даулар туындайды. Әрине, Жер кодексі мемлекеттің мұқтаждығы үшін жер учаскелерін алып қоюдың жалпы шарттары мен жүйесін белгілейді. Сонымен қатар жер учаскесін алып қоюдың құқықтық механизмі ҚР Үкіметінің 8.04.1996 жылғы №406 Мемлекеттік мұқтаждығы үшін жер учаскелерін алып қою (сатып алу) тәртібі туралы қаулысымен реттеледі. Бұл құжатты, сондай-ақ, соттар мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскелерін алып қоюмен байланысты талап арызды шешу кезінде қолдану қажет [6].

Соттарға мына талаптардан шығатын жер даулары ведомстволық бағыныста болады:

- мемлекеттік органдармен мәлімделген, мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскесін мәжбүрлеп сатып алу туралы;
- өз мақсатына сай пайдаланылмаған немесе заңды бұза отырып пайдаланылған жер учаскесін алып қою туралы;

- мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскесін алып қоюға (сатып алуға) байланысты шығындарды өтеу туралы.

Жер иесінен және жер пайдаланушыдан жерді алып қою жер құқығының ең күрделі институттарының бірі болып табылады. Оның күрделілігі жерді алып қою әртүрлі құқық салаларының нормаларымен реттелетіндігімен ерекшеленеді. Мемлекеттік мұқтаждық үшін жер учаскелерін алып қою кезінде әртүрлі құқықтық қатынастар пайда болады: жерді алып қою туралы әкімшілік актісін шығару азаматтық-құқықтық сипаттағы, кейін сатып алудан туындайтын зиянды толық өтеу арқылы бейнеленетін белгілі бір міндеттемелерді туғызады; жер учаскесінде тұрғын үйлер немесе басқа да құрылыстар болған жағдайда оны сатып алу немесе сол бағаға сәйкес басқа тұрғын жай беру тұрғын үй заңының нормаларын сақатты отырып жүзеге асуы керек, бұл кезде әлеуметтік қамсыздандыру құқығының нормалары да ескерілгені жөн, мысалы, егер жанұяда мүгедек бала болған жағдайда, оған арналған бөлек бөлме болуын қамтамасыз ету және т.б. Осы құқықтық қатынастардың өздері әкімшілік-құқықтық болып табылады, себебі алып қою мәжбүрлеу сипатында және оның міндетті субъектісі – мемлекет. Бұл саладағы жер заңнамасының тапсырмасы – заңды құқықтық және жер учаскесі субъектісінің мүдделерін қамтамасыз ету.

Алып қоюдың ерекше күрделі негізі – жерді мемлекет мұқтаждары үшін алып қою. Осындай алып қою кезінде, өзінің ерекшеліктері болғандықтан, біз пайда болатын теориялық түсініктерге анықтама береміз. Жерді мемлекет мұқтаждары үшін алып қою мүліктік сипаттағы нәтижеге алып келеді. Осыған байланысты пайда болған қатынастар азаматтық міндетті қатынастарға жатады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 7-б. 2-т сәйкес, міндеттемелердің туындайтын негіздердің біріне әкімшілік акт жатады [7].

А.А.Рябов осы жағдайға байланысты былай деген: «Жерді алып қою бойынша мемлекеттік органдардың қаулылары әкімшілік акт болғанымен, өз бетінше міндеттемелер туындайтын негіз ретінде бола алмайды, себебі барлық жерді алып қоюлардың мүліктік нәтижесі бола бермейді. Мүліктік сипаттағы нәтижелер тек, егер әкімшілік акт нұсқамасын атқару нәтижесінде жер пайдаланушыға зиян келтірілсе ғана орын

алады. Әкімшілік акт туралы айтатын болсақ, ол тек міндеттемелердің пайда болу алғышарты болып табылады, ал оның пайда болу негізі заңдылық әрекеттермен зиян келтіру фактісі болып табылады» [3, 64б.].

Н.А.Сыродоевтың пікірінше, жерді мемлекеттік мұқтаждықтар үшін алып қою кезінде келтірілген зиян туралы айту дұрыс емес. Ол жерді алып қою фактісінен шығатын мүліктік қатынастарды реттеуде шығындар категориясын қолдану мүмкіндігін мәні бойынша теріске шығырып отыр.

Н.А.Сыродоев жазғандай: «...Жер пайдаланушыларға құрылыстардың, егістердің, отырғызулардың құнын немесе бұзылатын құрылыстарға, егістерге, отырғызуларға кеткен шығындар өтелуі қажет деп айту болады. Мүліктік құнын анықтаған кезде, шығындарды есептегенге қарағанда, сол мүліктен алынбаған кірісті санамайды» [8, 63б.]. Осылай ол зиян мен шығындардың категорияларын айыруға ұсыныс жасады.

Жоғарыда аталғандарға сүйене отырып, мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жерді алып қою кезінде келтірілген зиянның келесі түрлерін бөліп шығарамыз:

Біріншіден, бұл зиян жерді алпы қоюға қатысты заңдылық әрекеттер туралы келтіріледі;

Екіншіден, зиян нормативтік актілер негізінде және оларды атқару кезінде келтіріледі;

Үшіншіден, жерді алпы қоюға байланысты кемшіліктерді жою, зиян келтірудің алдында және ерікті түрде жүзеге асады; Азаматтарға жеке меншік негізінде тиесілі үйлерді бұзу кезінде тұрмысқа жайлы пәтерлерді беру, үйлерді бұздан бұрын жүзеге асады, яғни фактілі зиян келтіріледі. Жерді алып қою туралы Ереже зиянның орнын толтырудың нысаны мен әдістерін ғана ескермей қоймай, сонымен қатар, ең бастысы, жерді пайдаланудың қазіргі заманғы ұтымды талаптарын орындамайды.

